Величину орошения потоком теплоносителя единицы площади газораспределительной решетки за время подачи теплоносителя обозначим $j_3^* = \frac{G_3}{V_{cl}} \cdot h_{cl} \quad (27)$

$$\text{Тогда } i_3 = \frac{1}{\tau_0''} \cdot c \cdot \Delta t \cdot j_3^* \quad (28)$$

Одной из основных причин интенсификации процесса сушки овощей паром атмосферного давления в импульсном псевдооживленном слое является быстрый прогрев продукта до температуры насыщения $T_s = 373 \text{ К}$, который обусловлен конденсацией пара на поверхности частиц продукта (овощей) вследствие их относительно низкой начальной температуры.

Условные обозначения

G – масса продукта, кг; U – влагосодержание, кг/кг; Q – потери теплоты, кДж/ч; T – температура, К; c – удельная теплоемкость, Дж/(кг·К); j – интенсивность потока, кг/(м³·с); r – удельная теплота парообразования, кДж/кг; α – коэффициент теплообмена, Вт/(м²·К); ε – относительная порозность слоя; λ – коэффициент теплопроводности, Вт/(м·К); ρ – плотность, кг/м³; τ – время, с; σ – доля потока; k – число периодов; c – удельная теплоемкость, Дж/(кг·К); f – частота пульсаций, Гц; F – функция; G_1 – расход продукта, кг/с; G_3 – расход пара, кг/с; $G_{обз}$ – общее количество пара, кг; g_3 – количество теплоносителя, подаваемое за один период ($\tau_0' + \tau_0''$) его подачи в течение τ_0'' , (кг/период); i_3 – интенсивность подачи пара, Вт/(с·м²); I_{3n} , $I_{3н}$ – энтальпия, соответственно, перегретого и насыщенного пара, кДж; Q_m – массовая доля теплоты, Дж/с; q – удельная нагрузка продукта на газораспределительную решетку, кг/м²; S – площадь поверхности газораспределительной решетки, м²; s – скважность, %; Δt – разница температур, °С; u – влагосодержание, кг/кг; τ_0 – продолжительность процесса; время, с; τ^* – продолжительность периода прогрева, с.

Индексы: 1, 2, 3 – соответственно, для твердой (дисперсной), жидкой и паровой фаз; об – общий; n – перегретый пар; н, – начальное состояние; s, – насыщенный; нас – насыпной; сл – слой; 2k – конденсат;

Литература

1. Калашников, Г. В. Ресурсосберегающие технологии пищевых концентратов [Текст]/Г. В. Калашников, А. Н. Остриков. – Воронеж: ВГУ, 2001. – 355 с.
2. Ганжа В.Л., Журавский Г.И. Тепломассоперенос в зоне конденсации фильтрующего в дисперсном слое пара // ИФЖ. – 1984. – Т.46, № 3. – С.438-441.
3. Калашников, Г.В. Интенсивность влаготеплового воздействия при осциллированной влаготепловой обработке сыпучих продуктов [Текст] / Воронеж: Вестник ВГТА, № 1 (39).- 2009.- С. 39-44.



Ақаба суларын тазалау жолдарын темір жол кәсіпорындарында қолдану

Берсембаева Самал Қайратқызы, магистрант

Ғылыми жетекшісі:

т.ғ.к., ассоц.профессор, доцент Аширбаев Галымжан Кожсахатович

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы

Көлік мекемелерінің ақаба суларындағы және ластанушы су қоймаларындағы зиянды заттектердің шоғырлануына қатаң талаптар қойылады. Көлік жүйелерінің қоршаған табиғи ортаны ластау нысандары ретінде локомотив және вагон деполары, локомотив - вагон жөндеу зауыттары болып табылады. Ақаба сулардың пайда болуының көздеріне тағы да тепловоздарды вагондарды, цистерналарды, автомобильдерді тағы сол сияқты жуу және сүрту орындары жатады.

Тазарған суды технологиялық циклға табиғи материал бентонит сазы мен қант өндірісінің қалдығы «недопал» пайдалану ұсынылды, адсорбциялық – иондық зат алмасу әдісімен ақаба суларды тиімді тазартудың мүмкіндігі көрсетілген.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық қорғау ассоциациясының мәліметтері бойынша жер беті тұрғындарының 80 % ауыруы сапасыз суды пайдаланғаннан болып отыр. Қазіргі жағдайда су жүйелерінің химиялық құрамын қалыптастыру табиғаттың және антропогендік факторлардың әсер етуінен жүргізіліп жатыр. Халық шаруашылығының барлық тармақтарының су қорларын пайдаланусыз тіршілік етуі мүмкін емес. Адамның іс әрекеті мен күнделікті тұрмыс тіршілігінде негізінен тұщы су қолданылады. Тұщы судың табиғи қорлары жер бетіндегі барлық су мөлшерінің 2,7 % құрайды және азғантай мөлшері яғни 0,36 % алуға оңай жерлерде кездеседі /6/.

Осыған орай жергілікті ластау көздері ретінде танылып отырған өндірістік кәсіпорындармен коммуналды тұрмыстық ұйымдар ақаба суды қалдықсыз қайталап қолдану технологиясын құруы қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының заң шығарушы және қоршаған ортаны қорғау министірлік органдары ақаба сулардағы және ластанушы су қоймаларындағы зиянды заттектердің шоғырлануына қатаң талаптар қоюда /1/. Қазақстан Республикасында көлік жүйелерінің 20 - дан аса түрі белгілі. Бұлардың арасында қоршаған табиғи ортаны айтарлықтай ластау нысандары ретінде локомотив және вагон деполары, локомотив - вагон жөндеу зауыттарын атап көрсетуге болады және бұлардың барлық ластаушылар арасындағы үлесі сәйкесінше 24,3 %, 10 %, 13,4 %. Ақаба сулардың пайда болуының көздеріне тағы да тепловоздарды реостатты сынауды, вагондарды, цистерналарды, автомобильдерді тағы сол сияқты жуу және сүрту орындары жатады. Тазалауды қажет ететін ақаба сулар, жуу – булау станцияларында және шпалөндеу зауыттарында да пайда болады. (1 кесте) /3/.

Дегенмен, осы өндіріс орындарының көпшілігі қазіргі заман талабына сай тазалау құрал - жабдықтарымен қамтылмаған, көбінесе негізінен мұнай ұстау, тұндырушы шұңқырлары пайдаланылуда.

Ағындардың ластануы бірқатар факторларға байланысты қатты өзгеруі мүмкін. Атап айтатын болсақ метеорологиялық жағдай көлік құралдарын пайдалану шарты мен құрылымы өндіріс нысандарының аумағының техникалық жағдайы мен жақсылап жабдықталуы.




1-кесте — ҚР темір жол жүйесінің кәсіпорындарының аумағының орташа ластану деңгейі

Кәсіпорындар атауы	Ластанған аумақ %	Беттік ағынның мөлшері, жылына мың.м ³	Ластанудың орташа мөлшері		Бір жылда шығарылған заттектің жалпы мөлшері	
			қалқымалы заттектер	эфирлі-еритін заттектер	қалқымалы заттектер	эфирлі-еритін заттектер
Вагондарға қызмет көрсету орны мен станциясы	15±5	26000	400	300	10400	7800
Шпалөндеу зауыттары	20±4	640	510	590	326	378
Жуып-шайып-булау станциялары	25±3	150	250	260	38	39
Локомотив депосы	20±3	400	720	200	288	80
Вагон депосы	20±2	500	610	120	305	60
Рефрижераторлы вагон депосы	10±1	220	250	100	55	22
Жолаушылар вагондарын дайындау орындары	3±0,5	40	200	30	8	1
Жүк таситын вагондарды дайындау орындары	5±0,2	50	450	55	22	3
Сала бойынша барлығы					11442	8383

Негізгі ластағыш заттектер, синтетикалық жуушы құралдары (СЖҚ) кездеседі. Ақаба сулардың құрамындағы мұнай өнімдерінің ерекшеліктерінің бастысы бұлардың сұйық адсорбантиң беткі қабатының заттектерді сіңіріп алуы баяу жүреді. Бұл кәдімгі тұндырғыштарындағы тұнбаларды пайдалануы мен жанғыш мұнай өнімдерін қайтадан кәдеге жаратуды қиындатады. Мұндай ақаба сулардың ластануының орташа шоғырлануы келесі аралықтарда өзгереді: салынды заттектер, мг/л - 400-4000; мұнай өнімдері, мг/л – 20-350; рН-7-8, оттегітегі биохимиялық қажеттілігі, мг/л - 20 - 40.

Осыған байланысты темір жол желісі жағдайында өткізілген эксперименталды және тәжірибелік - өндірістік зерттеулер негізінде ақаба суларды қант өндірісі қалдығымен табиғи материал бентонит сазын пайдалана отырып адсорбциялау әдісін пайдаланудың тиімді технологиялық схемасы ұсынылады /4/.



1-сурет – Темір жол желілерінің кәсіпорындары үшін ақаба суларды тазалаудың технологиялық схемасы



Адсорбциялы – ион алмасу әдісін пайдалану мүмкіндігін анықтауға байланысты зерттеулер өткізу мақсатында Алматы - 1, Шымкент, Шу, Жамбыл, Түркістан, Достық және тағы да басқа станциялардан алынған өндірістік мәліметтер негізінде біз модельді сұйықтықтарды жинадық.

Ақаба сулардағы ауыр металдардың құрамын азайту үшін экономикалық тұрғыдан тиімді әдістерді іздестіру кез-келген халық шаруашылығының кәсіпорындарының өзекті мәселесі болып тұр. Біздің көзқарасымыз бойынша табиғи қорларды тиімді пайдалану мен қорғау мәселелерін шешуді келешегі бар әдіс ретінде сорбенттерді пайдалану әдісі болып табылатындығын байқаймыз. Сорбент ретінде бентонит сазы мен Са және Mg карбонаттары болып табылатын қант зауыттарының қалдықтарын қолдандық. Өндірістік атауы «толық күймеген», яғни «недопал» деп аталып құрамында Са және Mg карбонаттары болатын, қант қызылшасы өндірісінің пешінде күйдіріліп әктастың толық жанбауы нәтижесінде пайда болатын қант зауытының қалдығы.

Құрамында мориллонит минералы бар бентонит сазының жақсы қасиеті бұлар сулы ортада беткі жағында теріс және оң зарядталған орталықтары бар. Кристалдардың базалық шеті теріс, ал қаптал жағы оң зарядталған. Сондықтан сазды минералдар табиғи және ақаба сулардағы шашыраңқы қоспалардың әмбебап коагулянттары рөлін атқарады. Бентонит сазы жоғарыда келтірілгендей өте жоғары сорбциялық қасиетке ие, тек қана бейорганикалық заттектерді ғана емес органикалық заттектерді де тазалайды /5/.

Темір жол көлігінің жүк тасымалдауы өндірістік кәсіпорындар мен ауылшаруашылық өнімдерінің өндірістік көлемінің 9,9 % құрайды. Табиғи сорбенттердегі адсорбциялық құбылыстар темір жол көлігі нысандарында пайда болатын ақаба суларды тазарту технологияларында пайдаланылды. Тазартқан суды технологиялық циклға, мысалы, вагондарды, дөңгелек жұптарын жуу, салқындату жүйесіне және т.б. қайтару үшін табиғи материал бентонит сазы мен қант өндірісінің қалдығы «недопал» пайдаланылды, адсорбциялық–иондық зат алмасу әдісімен ақаба суларды тиімді тазартудың мүмкіндігі көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қожамбердиев Қ.О. Темір жолда қауіпті жүктерді тасымалдауды экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету //Ғылыми еңбектер жинағы: Жас ғалымдар-ғылымның келешегі. «Республикалық ғылыми конференцияның еңбектері.ҚазҰТУ 70 жыл» - Алматы, 2004, 1 бөлім 240-242 б.

2. Акбасова А.Ж., Тулепова Б.Ж.,Сайнова Г.А., Кожамбердиев К.О. Влияние тяжелых металлов на состояние почв //Вестник КазАТК им. М Тынышпаева.- Алматы, 2004, №1 (26). С.135-137.

3. Қ.О., Қожамбердиев., Г.Ә. Саинова., А.Ж. Акбасова, М.С. Иканова Темір жол көлігі кәсіпорындары шығарындыларының топырақ гумусының құрамына әсері //Жаршы – Алматы, 2007, №3.

4. Қ.О., Қожамбердиев., Г.Ә. Саинова., А.Ж. Акбасова, Қорғасынның транслокация процесін гуматты-карбонатты–бентонитті геохимиялық тосқауыл арқылы тежеу //География және табиғат – Алматы, 2007, №3.

5. Жуков А.И., Монгайт К.Л.,Родзиллер И.Л. Методы очистки промышленных сточных вод – М.:Стройиздат, 1986. – 204 с.

6.Акбасова А.Ж., Саинова Г.Ә. Экология. Алматы., 2003. Бастау, 290 б.



Қоршаған орта ластануының көлік жүйелерін пайдалануға байланысты экологиялық зардаптары

Берсембаева Самал Қайратқызы, магистрант

Курмашев Бауржан Бекболатович, магистрант

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы

Атмосфералық ластағыштардың топыраққа өтуі топырақтың газ түріндегі қосылыстарды тікелей жұтуы кезінде шаңмен және аэрозольдармен тұндырылатын атмосфералық тұнбалар арқылы жүреді. Басты ластаушылардың адам ағзасына физиологиялық әсері қарастырылды.

Қазақстан Республикасы көмірсутек шикізатының үлкен қорына ие, соған қарамастан қолданыстағы мұнай өңдейтін зауыттар елдің мотор отындарына деген мұқтаждығын қанағаттандырмайды, сондықтан энергияның жаңа көздерін іздеу және мұнайлы кен орындарының отын номенклатурасын кеңейту қажеттілігі туындайды. Екінші жағынан, қоршаған табиғат ортасының жаппай нашарлауы отынға деген аса қатаң талаптарды алдыға шығарады.

Экожүйеге шығарылатын дизельдердің пайдаланылған газдарының улылығы басым түрде дизельдің конструктивті параметрлеріне ғана емес, сонымен бірге пайдаланылатын отынның сапасы мен құрамына да тәуелді болатын отынның жану және қоспатұзу процестерінің өтуімен байланысты болады. Осыған байланысты дизельдердің экологиялық сипаттамалары мен үнемділігін жақсартатын отынның жаңа құрамдарын таңдау негізінде толық жануды арттырудың және қоспатұзуді жақсартудың ұтымды жолдарын іздеу көлік кешенінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Экологиялық жағдайдың ушығуы қоршаған ортаны қорғау заңдарына сәйкес, мотор жанармайларының сапасына қатаң талаптар қойылып, бензиннің сапасына ерекше назар аударылуда [1]. Дизель қозғалтқыштары карбюраторлық қозғалтқыштармен салыстырғанда қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерінің аздығымен және жанармайды үнемдеудің өте жоғары көрсеткішімен ерекшеленеді. Осыған қарамастан бұлардың үлесіне көліктік энергетикалық қондырғылардың белгіленген қуат жиынтығының 30%-дан және олардың газдарының жалпы шығарындыларының 25%-дан астамы жатады.

Атмосфералық ластағыштардың топыраққа өтуі топырақтың газ түріндегі қосылыстарды тікелей жұтуы кезінде шаңмен және аэрозольдармен тұндырылатын атмосфералық тұнбалар арқылы жүреді. 33 (зиянды заттар) сондай-ақ атмосферадан өсімдіктер арқылы, яғни соларда жиналып, беріле алады.

Химиялық ластағыштардың көшуінің қуатты факторы атмосфералық жауын-шашын болып табылады. Ластағыштардың құрамына олар қоюлану (конденсация) сәтінде және топырақтың беткі қабатына кейінгі қозғалысынан соң түседі. Бұл кезде жауын-шашында газ түріндегі заттар мен аэрозоль компоненттерінің негізгі бөлігі еруі мүмкін.





ЛЗ маңызды бөлігі жер бетіне атмосфералық шаңмен түседі. Оның тұнуы аэрозольдармен қатар ЛЗ (ластағыш заттар) топырақ бетіне түсуінің маңызды көзі болып табылады және олардың атмосфералық жауын-шашынмен түсуінен жүз есе артық болуы мүмкін /2/.

1-суретте ластағыш заттардың атмосферадан топырақ жүйесіне ауысу жолдары келтірілген.



1-сурет – Ластағыш химиялық қосылыстардың топыраққа түсуі және олардың ары қарай басқа түрге ауысуы

Көміртегі оксидінің көмірқышқыл газына дейін қышқылдануы төмендегі химиялық реакциялар нәтижесінде жүреді:



Атмосфералық ауада СО-ның СО₂-ге дейін қышқылдануы өте жай жүруіне байланысты, оның атмосфера құрамындағы шамасы қайтымсыз өседі.

1 кесте – Әр түрлі дизелдердің пайдаланылған газдарының зиянды заттектерінің орталықтандырылған құрамы

Пайдаланылған газдардың компоненттері	Концентрация, г/м ³	Үлестік бөлінуі, г/(кВтсағ)
СО	0,25 – 2,5	1,5 – 12,0
SO ₂	0,1 – 0,7	0,4 – 2,5
Акролеин	0,01 – 0,04	0,06 – 0,02
Көмірсутегі	0,25 – 2,0	1,5 – 8,0
Бенз(а)пирен	$0,2 \cdot 10^{-6} - 0,5 \cdot 10^{-6}$	$1,0 \cdot 10^{-6} - 2,0 \cdot 10^{-6}$
NO _x қосындысы	2 – 8	10 – 30
NO ₂	0,1 – 0,8	0,5 – 2,0
NO	1,2 – 4,5	6 – 8
Күйе	0,05 – 0,5	0,25 – 2,0

Жоғарыда келтірілген зиянды заттектерден басқа қозғалтқыштың пайдаланылған газының шығарындысынан қозғалтқыш конструкциясында кездесетін көптеген элементтер табылды (темір, никель, хром, мырыш, мыс және т.с.с.) [3].

Ластану адам денсаулығымен қоршаған табиғи ортаға әр түрлі әдістермен, атап айтатын болсақ тура және бірте-бірте қауіп төндіру (түтін және т.с.с.) арқылы ағзаның әр түрлі өмірмен қамтитын жүйелерін біртіндеп бұзу арқылы әсер етеді. Көптеген жағдайларда ластану экожүйенің компоненттерінің құрылымын бұзады, бұл жағдайда реттеу үрдісі бастапқы



калыпқа келтіру шамасынан айырылады, нәтижесінде өзін-өзі қалпына келтіру механизмі жұмыс жасамайды.

Басты ластаушылардың адам ағзасына физиологиялық әсерін насырға шапқан ең үлкен зардаптармен теңестіруге болады. Өкпеге көміртегі оксидінің түсуі қанның гемоглабинімен реакцияға түсіп ерімейтін карбоксометагемоглабин түнбасын пайда қылады, нәтижесінде гемоглабиннің оттегін сіңіру қабілетін төмендететіп, көздің шырышты қабығын және тыныс алу жолдарын тітіркендіреді [4].



Осындай жаңбырлардың жаууынан сулар мен топырақтардың қышқылдығы көтеріліп, су айдындарындағы тіршілік иелерінің саны азайып, металдардың коррозиялық бұзылуы ұлғайып және ластанған жерлер бұзылуда.

Кремний диоксидінен тұратын шаң-тозаңның кесірінен қатерлі ауыру өкпе силикозы пайда болуда. Салынды қатты бөлшектердің арасында ең қауіптісі өкпенің шырышты қабығын ластап, лимфа түйініне еніп кететін көлемі 5 мкм болатын бөлшек.

Аса қолайсыз зардаптары өте үлкен уақыт аралығында білінетін шығарындылардың, атап айтатын болсақ қорғасын, бенз(а)пирен, фосфор, кадмий, мырыш, кобальт және тағы да басқа ауыр металдармен аз көлемде байланысты. Бұлар қан айналым жүйесінің қысымын көтеріп онкологиялық ауырулар пайда қылады және ағзаның жұқпалы ауыруға қарсылығын төмендетеді т.с.с. Қорғасын, сынап және басқа да ауыр металдар қосылыстарынан тұратын тозаң мутагендік қасиетке ие және ағза жасушаларын генетикалық өзгерістерге ұшыратады.

Фотохимиялық тұман (түтін) шығу тегі бір және екі ретті аэрозольді бөлшектер мен көпқұрамды газдар қоспасы түрінде болып келеді. Жоғарыда айтылғандай түтіннің негізгі құрауыштарының құрамына фотооксиданттар жиынтығы деп аталатын азот, күкірт оксидтері, озон, және көпсанды органикалық қосылыстар кіреді.

Фотохимиялық түтін анық жағдайда фотохимиялық реакциялар нәтижесінде пайда болады: атмосферада азот оксидтерінің, көмірсутектердің және басқа да ластағыштардың өте үлкен шоғырының бар болуы, қарқынды күн радиациясынан және желсіздікпен немесе жер беті қабатында ауа алмасудың өте әлсіздігі мен бір күннен аса жоғары инверсиядан. Күкірт оксидтері теріні, жоғары демалу жолдарын, көзді тітіркендіруші әсерлер тудырады. Атмосферадағы күкірт диоксидінің жоғары шоғыры астмамен ауыратындардың ұстамасын, бронхалды түншығуды, кірпік эпителиінің функциясының, нәрестелер мен балалардың потологиясының бұзылуын, созылмалы гастрит, ларингит т.с.с. тудырады.

Күйе ПГ (пайдаланылған газдар) аса маңызды улы компоненттерінің бірі болып табылады. Жанудың бастапқы кезеңдерінде күйе бөліктері таза көміртектен тұрады, ал кейіннен көмірсутек пен оның қосылыстарының үлкен көлемімен қанығады /1-4/.

Осылайша, көліктің ПГ құрамындағы зиянды заттардың адам ағзасына теріс әсері өте күрделі және жөтелден бастап өлімге дейін апаратын аса үлкен әсер ету аумағына ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Энергосбережение на железнодорожном транспорте: учебник для вузов / В.А. Гапанович, В.Д. Авилов, Б.А. Аржанников [и др.]; под ред. В.А. Гапановича. - М.: Изд. Дом МИСиС, 2012.-620 с.
2. Малов Н. Н., Коробов Ю. И. Охрана окружающей среды на железнодорожном транспорте. - М.: Транспорт, 2004. - с. 238.
3. Аксенов И.Я., Аксенов В.И. Транспорт и охрана окружающей среды. М.: Транспорт, 1986.
4. Луканин В.Н., Трофименко Ю.В. Промышленно-транспортная экология. Учеб. для вузов. Высш. Шк. 2001.- с. 273.



Кәсіпорынның ресурстарын басқару жүйесін бағдарламалық жасақтау ерекшеліктері

Еген Сұлтан Пердебекұлы, магистрант

Ғылыми жетекшілері: Абдуллаев Ермаш, Сапарбаев Талғат Қуатбекұлы

«Сырдария» университеті

Кәсіпорын ресурстарын басқару жүйесі бұл - кәсіпорын ресурстарын басқару үшін жасалған аппараттық және бағдарламалық құралдар жиынтығы.

Ресурстарды басқару жүйесі ұйымның ресурстық базасын жоспарлау және басқару міндеттерін шешуге арналған білікті мамандардың бағдарламалық, техникалық, ақпараттық, лингвистикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық құралдары мен әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.

Қазіргі жағдайда кәсіпорын ресурстарын тиімді басқару тұтастай алғанда ұйымды басқару үшін құнды процесс болып табылады. Демек, ресурстарды басқару жүйелеріне негізделген кәсіпорын ресурстарын басқару тиімділігін арттыру тұтастай алғанда кәсіпорынның қызметін жетілдірудің біріне айналады.

Кәсіпорынның ресурстарын басқару жүйесін енгізу, сондай-ақ кәсіпорында елеулі өзгерістерге алып келеді.

Кәсіпорын ресурстарын басқарудың маңызды жүйелерінің бірі ERP - орташа масштабтағы заманауи өндірістік кәсіпорындардың барлық салаларын дерлік автоматтандыруға қабілетті жүйелер болып табылады. Бұған тапсырысты өңдеу, болжау және түгендеуді басқару, сатып алу және сату, өндірістік процестер, шикізат пен материалдарды жоспарлау, диспетчерлеу, сондай-ақ бухгалтерлік есеп, қаржылық менеджмент, жобалар, персонал, сапа, PDM және АСУ өзара әрекеттесу кіреді [1].

Дегенмен, жүйені енгізу кезінде туындайтын кейбір проблемалар жақсы зерттеліп, ресімделді және тиімді шешім әдіснамаларына ие.

Ресурстарды жоспарлау жүргізіліп жатқан ұйымдар үшін деректер қоймалары ерекше маңызды. ERP жүйелерінің мүмкіндіктері транзакцияларды өңдеу технологиясымен шектеледі. Операциялық жүйелер деректерді алуға және олармен жұмыс істеуге арналған, бірақ есептер жасамайды. Ұйымның ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын деректер схемасы өте күрделі. Онда күрделі тақырыптарда жүздеген бағандар бар мыңдаған кестелер бар, олардың арасындағы өзара түсіністік оңай емес.

ERP - жүйелер жеткізу тізбегі бойынша бизнес-үдерістер арасындағы қарым-қатынасты орнатуға және сонымен бірге ұйымға қажетті компоненттерді таңдауға мүмкіндік беретін модульдік құрылымға ие болу керек. Теориялық тұрғыдан алғанда, барлық деректер мұндай жүйенің «ішіндегісі», бірақ олар «жасырын» болып қалады және оларды талдау үшін шығарып алу өте қиын. Сонымен қатар, ERP - жүйелер басқа қолданбалармен және сыртқы ақпарат көздерімен толықтай интеграцияланбаған, онда қазіргі заманғы кәсіпорыннан аналитикалық өңдеу үшін деректер бар. 21 ғасырдың өзгермелі іскерлік ортасында, онда біз қарқынды бәсекелестікке тап болуымыз керек, ұйым үшін ақпарат қозғалтқыш үшін отынмен бірдей болады. Корпоративтік деректерді «ұйымның қанымен» салыстыруға болады және ұйымның ресурстарын оның жүрегі арқылы жоспарлауға болады. Мұнда миы ақпараттың репозиторийі болып табылады, онда ERP деректерінің барлық ағындары бар, олар сыртқы ақпарат көздерінен алынған ақпаратпен бірге ақпаратқа айналады және кейінгі талдау үшін негіз береді. ERP жүйесі арқылы жиналған ақпаратты ашуға мүмкіндік беретін бұл бизнес-барлау ортасы [2].



Ұйым ресурстарын басқару жүйелері (ERP - жүйелер) оның атауы емес, онда басқару туралы ұғым жоқ - бағдарлама оны орындамайды. Ал қорлар туралы - бұл сөз ештеңе жасамайды. Ұйым - бұл шын ERP нысаны! Бағдарламаның міндеті барлық бөлімшелер мен функцияларды әртүрлі мүдделерді ескере алатын бірыңғай компьютерлік жүйеге жеткізу болып табылады.

Қаржылық бөлімнің, кадрлар бөлімінің және қойманың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын шешім жасау оңай емес. Әрбір блок, әдетте, өз компьютерлік жүйесімен, өз жұмыс әдістерімен жабдықталған. ERP барлық деректерді ортақ дерекқормен жұмыс істейтін интеграцияланған бағдарламаға біріктіруі керек. Нәтижесінде бөлімшелер мен қызметкерлердің ақпаратқа қол жеткізуі жеңілдетілді.

Егер ұйым дұрыс бағдарламалық жасақтаманы орнатса, интеграция әдісі үлкен артықшылықтар әкелуі мүмкін. Мысалға клиенттік тапсырыс алыңыз. Әдетте, ол ұйымнан ұзын жолда, негізінен қағаздан жібереді. Сонымен қатар, ол әр түрлі бөлімдердегі компьютерлік жүйелерде жиі кодталады және қайта жазылады. Нәтижесінде тапсырыстарды кешіктіру және жоғалту, көптеген қателіктер орын алады. Бұдан басқа, ұйымдағы ешкім де бірде-бір тәртіппен не болып жатқанын білмейді, себебі қаржы бөлімі, мысалы, қойма жүйесі енгізілмейді және тауарлардың жіберілгенін тексере алмайды.

ERP - жүйелерінің негізгі мақсаты ұйымның негізгі қызметін жоспарлау, есепке алу және басқару процестерін автоматтандыру болып табылады, сондықтан ERP - жалпы жүйе келесі негізгі ішкі жүйелердің жиынтығы ретінде қарастырыла алады.

ERP класындағы жүйелер интеграцияланған басқару ақпараттық жүйелер болып табылады. Бұл дегеніміз: жүйелер өндірістік процеске тікелей қатысы жоқ, олар процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері болып табылмайды, бірақ процесс үлгісімен айналысады;

олардың жұмыс орны ұйым жұмысын жетілдіру, жұмыс орнында қажетті ақпарат негізінде материалдық және қаржылық ағынды оңтайландыру болып табылады; бір жүйе шикізатты сатып алудан бастап тауарды тұтынушыға дейін жөнелтуден бастап өндірістік кәсіпорынның барлық қызметін жоспарлауды және басқаруды қамтиды; ақпарат жүйеге бір рет қана қойылған бөлімде енгізіледі, бір жерде сақталады және бірнеше рет барлық мүдделі бөлімшелерде қолданылады [3].

Нәтижесінде, ERP - жүйелер әртүрлі қосымшалар үшін деректерді интеграциялау мәселесін шешіп, әкімшілік шығындарды азайтып, түрлі бөлімдердің жұмысына сәйкестікті қамтамасыз етеді. Бұл жүйелер компьютермен шығарылған уақтылы және сенімді ақпаратқа негізделген дұрыс стратегиялық және тактикалық шешімдерді басқару тиімділігін арттыру құралы болып табылады.

ERP-жүйелерді пайдалану ұйымның бизнес-процестерін оңтайландыру және шығындарды азайту арқылы бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл жүйелер өндірістің өзіндік құнын бақылау үшін және осы бәсекелік артықшылыққа қол жеткізу үшін жасалған. Сондықтан, жүйе жоспарлау және басқару әдістерін іске асырады, олар: қорлардың санын реттеуге, олардың жетіспеушілігін және ескіргендігін болдырмайды, осылайша қорлардағы шығындарды едәуір азайтады; өндірісті тек қана соңғы өнімге деген сұраныс негізінде ғана жоспарлағандықтан, өндірістің басталуына қарай клиенттің тапсырысы аяқталуы тиіс уақыт негізінде басталады; ұйымдағы қолжетімділік әлеуеті бойынша кіретін тапсырыстардың орындылығын бағалайды.

Бизнес-процестерді оңтайландыру арқылы өнімді өндіруге жұмсалатын шығындар мен уақытты қысқарту; әрбір өндірістік бөлімшенің нақты өнімділігін бақылайды және оны жоспарланған өніммен салыстырады, өндірістік жоспарларға дереу түзетулер енгізеді; Өндірістік циклды және тапсырысты орындау циклін төмендету нәтижесінде сұранысқа жауап береді. Жеткізілімдерді уақтылы орындау арқылы клиенттерге қызмет көрсетуді және клиенттерді жетілдіруді [4].



ERP жүйесінде іске асырылған, өндіріс шығындарын икемді басқару мүмкіндіктері жоғары пайда алуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, шығындарды төмендету өнімнің нарықтық бағасын (төмендеу) өзгерту мүмкіндігін білдіреді, бұл қуатты бәсекелестік артықшылығы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Акопян А.С. Проблемы создания системы управления интеллектуальной собственностью. М.: ТЕИС, 2007. 105 с.
2. Зинов В.Г. Управление интеллектуальной собственностью. – М.: Монолит, 2006. 128с.
3. Румянцева З.П., Филинов Н.Б., Шрамченко Т.Б. Общее управление организацией: принципы и процессы. М.: ИНФРА-М, 2007. 358 с.
4. Самойлов Б.Л. Внедрение ERP – системы на предприятии. М.: Дело, 2007. 215 с.

Бейнені компьютерлік өңдеуде белгілерді мазмұны бойынша айыру бағдарламасы

Әбдікерім Жарқынай Серікбайқызы, магистрант

*Ғылыми жетекшілері: Кукиев Жанбырбай Самсаевич, Ахмед Тұрғанай Файзуллақызы
«Сырдария» университеті*

Жаратылыстану ғылымдарында математика принциптері мен әдістерінің барған сайын жиі қолданылуы қазіргі заманғы медицина мен патологияның дамуында өз көрінісін табуда. Адамның қалыпты және патологиялық анатомиясы мен гистологиясында морфометриялық бағыт сәтті дамып келеді. Қазіргі уақытта морфологиялық зерттеулер үдерісін объективтендіру бойынша жинақталған білімдерді қорыту мен жүйелеу жүріп жатыр, тірі жүйелердің құрылымдық ұйымдасу ерекшеліктерін және олардың патология жағдайларында қайта құрылуын зерттеуде морфометрия және математика аппаратын қолдану әрекеттері кеңеюде. Бұл амал морфологияның, патология мен патологиялық анатомияның көптеген проблемалары туралы қарама-қайшы түсініктерді ретке келтіруі, диагностикалық үдерістерді едәуір жақсартуы тиіс. Осыған орай, өзін жақсы жағынан көрсеткен, алынатын деректерді сипаттауға, топтастыру мен синтездеуге негізделген морфологиялық зерттеу жолы, одан әрі қарай жүйелі математикалық талдау үшін кванттау арқылы бақыланып отырған өзгерістерді есепке алуды объективтендірумен мейлінше тереңдетілуі тиіс [1].

Жұмыстың мақсаты – морфологқа зерттеуді объективтендіруге, бақыланып отырған құбылыстардың білікті талдауын жүргізуге, дәлелдердің бір ізді жүйесін қалыптастыруға көмектесу үшін, айырып танушы ақпараттық жүйені құру. Бұл нәтижелер мен қорытындылардың шынайылығын барынша арттыруға өз септігін тигізуі тиіс.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мына келесі міндеттер шешілді:

- Зерттелетін құбылысты (нысанды) білдіретін, аса маңызды айнымалдарды іріктеп алуға мүмкіндік беретін паталогоанатомиялық бейнелердің математикалық сипаттамасы.
- Зерттелетін әрбір бейненің рөлін анықтауға мүмкіндік беретін бейнелердегі аса маңызды айнымалдарды біріктіретін айырып тану мен математикалық модельдеу.
- Бірқатар тәуелді және тәуелсіз айнымал шамаларды алуға мүмкіндік беретін зерттемелі бейнелерді өлшеу мен есептеу.



Ғылыми жаңалығы. Морфометрия және патологиялық үдерістерді математикалық модельдеу сандық морфологияның сәтті дамуы мен оның компьютерленуінің мүмкіндіктері жайында білдіреді.

Зерттеу әдісі. Осы жұмыста образдарды айырып тану әдістері, математикалық статистика және математикалық логика әдістері пайдаланылды.

Практикалық құндылығы. Адамның қалыпты және патологиялық морфологиялық морфологиясы көлемі зерттеудің жаңа әдістері мен техникасын қолданудың негізінде өсіп отырған орасан үлкен шынайы материалды жинақтады. Осы зерттеулердің сипаттамалық ерекшелігі барлық жағдайларда да құбылыстардың мәнін терең талдау үшін де, зерттелетін үдерістерді қорыту үшін де, жас ерекшелік, бейімделушілік және патологиялық өзгерістер үшін де жеткілікті бола бермейді, өйткені бақыланатын өзгерістер мен олардың өзара байланыстарының объективті бағасы қажет болады. Осыған байланысты морфологиялық өзгерістерді тіркеудің дәстүрлі әдістері базалық болып қала отырып, жүйелі, сандық зерттеулермен толығы тиіс [2].

Бағаларды есептеу алгоритмдері. Бағаларды есептеп шығаруға негізделген айырып тану алгоритмдері параметрлерінің қолайлы мәндері айырып танудың берілген моделін оптималдау есебін шешуден анықталады – мұнда параметрлердің айырып танудың үйретуші іріктемедегі дәлдігі максимал болып табылатындай мәні табылады.

$(\varepsilon_1, \varepsilon_2, \dots, \varepsilon_n)$ сандық параметрлерінің мәні тиісті белгілердің жуықтық табалдырығын береді және үйретуші іріктеме бойынша белгі мәні айырымының орташа модулі ретінде

есептелініп шығарылады:
$$\varepsilon_v = \frac{2}{m(m-1)} \sum_{i,j=1, i>j}^m |x_v(S_i) - x_v(S_j)|.$$

Жіктеу үшін жалпы сызықтық шешуші ереже қолданылады. Оның параметрлерінің белгісіз мәндері модельді оптималдандыру есебін шешудің нәтижесінде табылады. Бұл жағдайда релаксациялық әдістің көмегімен сызықтық теңсіздіктер жүйесінің максимал бірлескен ішкі жүйесін іздестіру есебі шешіледі.

Айырып тану жүйесінде тестілік алгоритмнің бір стохастикалық нұскасы іске асырылған. Үйрету кестесінен кездейсоқ N ішкі кестелері келіп шығады, олардың әрбірі үйретуші кестенің 3 жолынан тұрады, үйретуші кестенің 4 жолынан тұратын N ішкі кестелер, және т.с.с. үйретуші кестенің k жолынан тұратын N кестелер болады (N және k – бағдарламаның басқару параметрлері). Әрбір ішкі кестеде әрбір класстың эталоны болмауы тиіс, яғни жолдарының саны класстарының санынан кем ішкі таблицаларға рұқсат беріледі. Таңдап алынған ішкі кестенің әрбір тестіне толықтай үйретуші іріктеме бойынша бағаланған салмақ (сапа) салыстырылады. Әрбір ішкі кесте үшін барлық тұғырықты тесттер немесе іздеудің таңдап алынған алгоритміне байланысты бір минималды тест табылады. Соңғы жағдайда үйретуші кесте үшін кездейсоқ ішкі кестелердің $N \times (k-2)$ аспайтын минимал тесттері болады [3].

Ішкі кестелер үшін табылған барлық тұғырықты тесттердің жиынын бұрынғысынша $\{T\}$ арқылы белгілейміз. $M_1 = \{S_i, S_j\}$ теңдей класстарға жататын үйретуші кесте жолдарының жұптар жиыны, ал M_2 - түрлі класстар жолдарының жұптар жиыны болсын делік. M_1 және M_2 жиындары элементтерінің санын тиісінше n_1 және n_2 арқылы бейнелейік. $T \in \{T\}$ тірек жиыны бойынша нысандардың антижуықтығы $D_T(S_v, S_\mu) = 1 - B_T(S_v, S_\mu)$ ретінде анықталады.

Тірек жиынының «салмағын» (біздің жағдайымызда T тестін) (1) өрнегіне сәйкес анықтайық

$$Q_T = \frac{1}{n_2} \sum_{(S_i, S_j) \in M_2} D_T(S_i, S_j) - \frac{1}{n_1} \sum_{(S_i, S_j) \in M_1} D_T(S_i, S_j), \quad (1)$$



$w_T = \frac{Q_T}{\sum_{T \in \{T\}} Q_T}$ арқылы оның үлес салмағын анықтаймыз. Осы берілген шамалар, бір


класстың эталондық нысандары жиі түрде қаншалықты жақын болатындығын және таңдап алынған тірек жиыны бойынша түрлі класстардың нысандары қаншалықты алыс болатындығын көрсетіп отыр.

$K_j, j=1,2,\dots,l$, класстары үшін айырып танылатын нысандарды түпкілікті бағалау мына келесі формула бойынша есептелініп шығарылады:

$$\Gamma_j(S) = \frac{1}{2} \sum_{T \in \{T\}} w_T \left(|K_j|^{-1} \sum_{S_i \in K_j} B_T(S, S_i) + (m - |K_j|)^{-1} \sum_{S_i \notin K_j} D_T(S, S_i) \right)$$


Жоғарыдағы айтылғандардың негізінде бейнелерді біліп танушы ақпараттық жүйесі жасалды (Сурет 1).

Ашылған терезеде «Открыть» батырмасын басу арқылы бейнені шақырамыз.



Сурет 1. Интерфейсте бейнені жүктеу

1-суретте келтірілгендей «Линия» бетінде бейне ашылды, бұл бетте бейнеде белгілердің өлшемін анықтау жұмыстарын жүргізіледі, сараптау кезінде эксперт берілген суреттен белгілерді ажырату жұмыстарын жүргізеді, белгінің өлшемдері өлшеніп сарапталады, келесі 2 суретте белгіні өлшемін алу көрсетілген.



Сурет 2. Бейнеде белгіні өлшеу жұмысы

2-суретте көрсетілгендей суреттен белгінің өлгеі алынды (118,9), осы тәртіппен қалған қажет болған өлшемдері алынып сараптау жұмысы жүргізіледі.

Қорытынды. Бейнелерді талдау, айырып тану және бағалау әдістерін жасап шығару, зерттеу және жүзеге асыру техникалық ғылымдардың жетекші бағыттарының бірі болып табылады. Тиісті іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелері техникалық диагностикада, экологиялық мониторингте, медицинадағы болжамдау мен диагностикада, геологиядағы жобалау мен іздестіруде, химиядағы болжаумдауда (жобалауда), ғылыми



зерттеулерді автоматтандыруда тікелей пайдаланылуда. Осы тақырыптама зерттеушілердің көпшілігін өзіне тартуда, алайда бұл саладағы жұмыстардың басым бөлігі эмпирикалық сипатқа ие болып отыр [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Автандилов Г.Г., Яблучанский Н.И., Губенко В.Г. Системная стереометрия в изучении патологического процесса. - М.: Медицина, 1981.-192 с.
2. Гуцол А.А. Практическая морфометрия органов и тканей. - Томск: Изд-во ун-та, 1988. - 134с.
3. Журавлев Ю.И., Рязанов В.В., Сенько О.В. Распознавание. Математические методы. Программная система. Практические применения. — М.: Фазис, 2006. - 159 с.
4. Вудс Р., Гонсалес Р. Цифровая обработка изображений. —М.: Техносфера, 2005. — 752 с.

Қазақстан суретшілерінің заманауи кескіндеме өнеріндегі ұлттық мәдени мұра көрінісі

Әлібекова Н.А.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
«Кескіндеме білімі» кафедрасының оқытушысы*

Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнері серпінді дамып келе жатқан жүйенің көрінісіндей, онда дәстүрлі кескіндер мен инновациялық нысандар бір-бірін толықтыра отырып, мәдени сәйкестікті айқындай түседі. 90-жылдардың басында барлық тыйым салулар мен шектеулер күйреген уақытта суретшілер алдында: Өнерді бұдан былай қандай салада дамыту қажет? Дәстүрді негізге алу қажет пе немесе белгісіз жолмен жүру қажет пе? - деген сұрақтар тұрды. Суретшілердің назары ғасырға жуық кезеңде уақыт тыйым салған, қазақтың бай мәдени мұрасына ауып тұрды. Ұлттық мұраға көңіл бұру заманауи өнердің даму ерекшелігіне айналды.

Қазіргі заман жағдайындағы мұраға деген жаппай қызығушылық — бір қарағанда парадоксалды, бірақ объективті түрде түсіндірілетін құбылыс: ол Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты болып отыр. Ұлтымызда рухани-ұлттық жаңару, жаңғыру кезеңі басталды, Қазақстан егемен мемлекетке айналды, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Қоғамда тарихқа, мемлекеттіліктің тамырына деген қызығушылық айтарлықтай артты, мәдени жадыны жаңғырту барысы басталды, бірінші орынға этномәдени құндылықтар қойылды. Өзінің ұлттық, этностық бірегейлік ерекшелігін айқындау ниеті ұлттар бірлігінің жылдар бойындағы насихатталған посткеңестік кезеңнің ұранына реакция ретінде пайда болған құбылысқа айналды. Дербес өнер тарихының классикалық арналарынан қазіргі қоғам ұлттық мәдениетті сақтау жолдарын көре бастады. Әрине, бұл мұраға деген қызығушылық қазіргі тәуелсіздік кезеңімен бірге келген жоқ. Ол дәстүрдің әлеуетіне, өнерге бір мезгілде танымалдылық пен бірегейлікті, дыбысталудың өзектілігін беру қабілетімен әркез таң қалдыра отырып, 1920-30-жылдардағы жайлы кезде де, кейінгі жылдары да айқын көрінді.

90-жылдары көшпелі мәдениеттің бай дәстүрлеріне, мифологиялық-поэтикалық мұраға, қазақ ұлтының әлеуметтік-мәдени тәжірибесінде болған әдет-ғұрыптарға оралу үрдісі басталды. «Мәдени тәуелсіздікке ие болу әлемдік интеграция үдерісіне қосылудың басты шарты. Біз өзімізді адамзаттың бір бөлігі ретінде сезіне бастаймыз. Біздің тарихымыз —



әлемдік тарихтың бір буыны екенін түсінеміз. Біздің жерімізге, қалаларымызға, оқиғаларға қанша жыл болғанын біртіндеп еске аламыз. Мәселен, Түркістанға 1500 жыл, Таразға 2000 жыл, Алматыға 1000 жыл. Еріксіз ұмыт болудан кейін осының барлығы халық жадына қайта оралады. Ұлттық рух ояна бастайды. Тарихи тұлғалардың шынайы құндылығы анықталады», – деп жазады қазақ ақыны Олжас Сүлейменов. [1, 287 б.].

Келесі «Қазақ өнерінің тарихы» кітабынан мынаны оқимыз: «1990 жылдардағы көркемөнер жағдайы – жергілікті және рухани импульстердің өзара бір-біріне әсері мен күрделі ығысулардың, толықтырулардың нәтижесі. Заманауи өнер тәжірибесі дәстүрдің беріктігін, оның кез-келген жағдайда өмір сүре алу қабілетін, сонымен қатар олардың өзіндік дүниетанымын жаңа қырынан көрсетуге болатынын дәлелдеді. Кескіндеме адамның жан дүниесін, болмысын таңқаларлықтай ашады. Материалдық әлем объектісіне деген қызығушылық пен сенімнің жоғалып, қоршаған ортада да, ішкі әлемде де көрінбейтін, жасырын, құпияны көру талпыныстары бірінші орынға шығады» [2, С.112.].

Қазақстанның суретшілері ұлттық рухта кескіндеме өнерін қалыптастыруға тырыса отырып, түркі мәдениетінің ең жарқын жақтарына бет бұрады. Петроглифтер мен өрнектелген киіз кілемдер, скифтер дәуірінің алтын және күміс әшекейлері, даланың тас мүсіні – тұтас осындай жиынтық оларды жаңа бейнелеу тілін іздеуге шабыттандырады. Бүгінде түркі халықтарының Ұмай анасы, тас балбалдар бейнелері – көшпенділердің мәңгілік тыныштығын сақтаушылар, табиғи да ең алғашқы элементтер: су, от, саз, тастар, шежірелер, қазақтың тайпалық белгілері (таңбалар) – сол кезеңнің көркем туындыларының негізгі тақырыптары. Осылайша, осы кезеңдерде өз шығармаларында тәңірілік образдарға А. Сыдыханов, Б. Бапишев, Б. Әбішев, Г. Маданов, К. Хайрулин, А. Игембаев және басқа да суретшілер бет бұрды.

1990-шы жылдардың бас кезіндегі ең жарқын жетістік – Сыдыхановтың атаулы туындысы екені даусыз.

Абдрашит Сыдыханов өзінің шығармашылық жолын 1960-шы жылдардағы қаламгерлермен бірге бастады. Ол сол кездегі академиялық және идеологиялық қағидаларға бағынғысы келмеген (С. Айтбаев, Ш. Сариев, Т. Тоғызбаев, Б. Табиев, Ж. Шарденов, Т. Досмағамбетов, Е. Мергеновтармен) суретшілермен бірге, шығармашылық мектептің ұлттық қағидаларын қалыптастыру бағытында жұмыс жасауға тырысты. Олар жанрлық сюжеттерді қолдана отырып, ұлттық, дәстүрлі өнердің сәндік жүйесіне және импрессионистік дәуірден кейінгі көркемөнер жүйесіне сүйенді.

Абдрашит Сыдыханов – 60-шы жылдардағы суретшілер тобының ізденісін ол жаңа деңгейге көтерген соңғы және дара суретші. Ол Қазақстанның өнерінде көркемөнер құралдарының арсеналына ежелгі түркілердің тайпалық таңбаларын алғашқы енгізуші болды, бұл оның терең философиялық мазмұнға бай символикалық туындылар жасауына мүмкіндік берді. Суретші төл мәдениеттің ежелгі бейнесін ғайыптан қайта тірілтіп әкеледі. Қазақтың тайпалық таңба бейнелері, түркі халықтарының бейнелеу элементтері мен символдары – «Таңбаларды» пайдалана отырып, суретші кенеп бетінде үйлесімділіктің жарасымдылық алаңын жасап шығарады. Өнертанушылар К. Ли мен Б. Тәуірбеков «Символ – ақиқат кодексі» мақаласында мынадай фактілерді келтірді: бүгінгі таңда шамамен 97 осындай қайталанбайтын таңба-белгілер бар, «олардың бүгінгі күнге дейін жеткен семантикалық мазмұны негізінен имиджді сыртқы оқуға негізделеді» [3, 69-бет].

Суретші «бейнелі кескіндемеге» өзінің бейнелі ойлай білуі мен дүниені тұтастай қабылдай білуі арқылы, реңдер арқылы келді. Жалпы алғанда, өнерді біліммен біркелкі қарау дұрыс емес, өйткені білім – шындықтың жүйелі түрде ұсынылуы. Сыдыхановтың абстракты-бейнелеу жүйесіндегі таңбалардың өзінің мәнерлі стилі бар. Таңбаның графикалық бейнесі түсті-пластикалық композицияның колориялы ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, графикалық символы «садақ пен жебе» – «жауынгердің рухы» болып табылатын «Адай таңбасы» картинасын суретші күлгін-жасыл реңкті агрессивті комбинациядан бастап күңгірт



және ашық ультрамариндегі үйлесімді жарық көрінісіне дейін қарқынды түрде үйлестіре отырып, бірнеше рет қайта салған. Түсті және композицияны келтіруде суретші импровизацияға сүйенеді. «Мен сигналдарды көрерменге саналы түрде бағдарламалайтынымды растау үшін және аяқталған жұмыстарды көргенде күтпеген жерден жаңалық аштым десем, бұл мүлдем дәл болмайды. Бұл менің өмірім, менің қадағалап-байқауым, шығармашылық жұмысым, адамзат тарихы мен мәдениеті туралы менің ой-пікірлерім алып келген рухани тәжірибем мен қағидаларым. Өткен кезең, қазіргі кез және болашақ – барлығы да бір кезеңдік екеніне мен сенемін. Олардың барлығы да бар, олар ойымызда да, бір сәт лезде де қабыса алады. Бірақ мен жазған кезде бұлар жөнінде ойланбаймын. Менің басты қағидам – импровизация. Мүмкін, жіптің ұшынан ұстағандай түстерге бас салып, менің ішкі дүниемнен ойларым мен сезімдерімді сыртқа шығарып, оларды кескіндемеде көрсететін сол бір импровизация болар», – дейді Сыдыханов [4].

«Сыдыхановтың картиналарын сипаттап, талдау өте қиын, себебі оларда академиялық мектеп ерекшеліктерінің ешбір белгісі жоқ. Кеңістік шартты. Перспектива жоқ. Фактура моншақтар, күріш, тары, және т.б. қолдану арқылы өте домбыққан (пастозды) болуы және лессировканы еске салатындай, мөлдір болуы мүмкін. Таңбалар абсолютті абстрактылы пішінде ұсынылуы да мүмкін, фигуративті кескіндеменің элементтерімен болуы да мүмкін. Суретші өзінің «таңбаларында» қанық түстерді пайдаланған кезде немесе ақ түспен жұмыс істеген кезде кезеңдер ауысып отырады. Сыдыхановтың картиналарының басты ерекшелігі – бұл орталықтандырылған композиция. Қабылдаған кезде, ол киіз үйдегі шаңырақты көзіңізге әкеледі. Шаңырақ киіз үйдің бүкіл композициясын, оның барлық бөліктерін құрайды, ол барлық мағыналық салмақты көтеріп тұрады: ол аспан көгінің, бейбітшіліктің, отбасының символы, адамның ғарышпен байланысы. Орталықтандырылған композиция картинада кеңістіктің шексіздігі сезімін тудырады, ал таңба қандай да бір ғажайып елеске айналады. Кенептің орталығы көрінбейтін нүктеге айналады, жасалатын образ сол жерден өрістеп, сол жерде жойылып кетуі мүмкін. Шексіздікке дейін кеңеюі мүмкін немесе өз-өзінен жиырылып қалуы мүмкін нүктенің философиялық тұжырымдамасы көптеген эзотерикалық мектептердің негізін қалаушы ілімдерінің бірі болып табылады. Көшпенділердің мәдениетінде ол адамның өзіне, оның ақыл-ойына ұқсас, сондықтан ол жан-жақты, ғарыштық және жеке болуы мүмкін. [5].

Қазіргі заманғы бейнелеудегі таңбалық символиканың Қазақстандық бейнелеу өнері үшін маңызы зор. Онда алдыңғы идеология мойындамаған және академиялық мектептерде іс жүзінде болмаған білімнің онтологиялық қағидаттары бекітіледі. Мұндай шығармашылық көзқарас суретшілерге шығармашылық үдеріс пен қазақтың дәстүрлі мәдениеті үшін органикалық болып табылатын адамдық ақыл-ойдың метафизикалық мәнін шығармашылық ұғымына қайтарады және символизмді Қазақстанның бейнелеу өнерін одан әрі дамытудың перспективалық жолы ретінде анықтайды.

Абдрашит Сыдыхановтың шығармашылығы қазақстандық суретшілердің жас ұрпағының өнерінде жанды бір сарын (үн) тудыруда. Суретші әзірлеп берген бейнелі жүйеден олар кейіннен суретшінің өнердегі орны мен маңыздылығын, оның жеке даралығын сақтай білу қабілетін, өнер мен өмірде адал болып қалуға шақыратын көптеген пайдалы қасиеттер табуда.

Әдебиеттер.

1. Сулейменов О. Исправляя метафорой мир. – Алматы: “Каржы-каражат”. – 1996. – 287 с.
2. История казахского искусства. –Т.3. – Алматы: Арда. – 2009. –567 с.
3. Ли К., Б.Таурбеков. Символ – код истины.//Didar – Kazakhstan. – 1999 (15). – С. 69.
4. Ержанова З. Послесловие к дебюту. Заметки о молодежном искусстве. // Газета «Ленинская смена». – 16.07.1985.



5. Бейсенбаев С. Современная живопись Казахстана и национальная знаковая символика. Национальное первенство по научной аналитике «globalinternationalscientificanalyticalproject». – Алматы, 2014.

Ақпаратты қорғау мәселесінде мәліметтерді криптографиялық өңдеу әдістері

Жанабай Шынар Серікқызы, магистрант

*Ғылыми жетекшілері: Абдуллаев Ермаш, Ахмед Тұрғанай Файзуллақызы
«Сырдария» университеті*

Кіріспе. Ақпаратты қорғау мәселесі қазіргі кездегі маңызды есептің бірі болып табылады, өйткені бұл мәселелер көптеген экономикалық, саяси-қорғаныс мәселелерімен тығыз байланысты. Қазіргі замандағы әлемдік глобализацияланудың, ақпараттық кеңістіктің кеңеюінің және құпияны ашу мүмкіндіктерінің дамуы мен алға басуына байланысты айтылған мәселенің маңыздылығы арта бермек. Техниканың, есептеу және байланыс орталарының дамуы ақпаратты қорғау мәселесіне байланысты есептердің ұлғаюына әкелуде, себебі айтылған жетістіктерді қылмыстық орта, болмаса әртүрлі сепаратистік дертпен уланған немесе түрлі шовинистік пиғылдағы империялық амбициясы бар мемлекеттер пайдалануда [1].

Ақпаратты қорғауға қазіргі заманда көп назар аударылады. Телекоммуникациялық жүйелер қазіргі ғаламдық ақпараттық жүйелердің күретаымырлары болып табылады. Осындай жүйелерде айналып жүретін ақпарат бағалы болу мүмкін, сондықтан оны қаскүнемдер ұрлауға, рұқсатсыз пайдалануға, өзгертуге тырысады. Сол себептен соңғы жылдары ақпаратты қорғау проблемасы өте маңызды болды. Қазіргі уақытта бұл проблеманың шешуін ақпаратты қорғаудың мамандары іздейді. Ақпаратты қорғаудың түрлі тәсілдерінің арасында криптографиялық әдістер ерекше орын алады. Бір жағынан, ақпаратты қорғаудың криптографиялық тәсілдері адамдарға бұрыннан белгілі болып ойдағыдай қолданылады. Басқа жағынан, криптографияның жаңа жетістіктері рұқсатсыз қатынаудан деректерді қорғауды классикалық есебін ғана емес, басқа көп есептерді де шешуге мүмкіндік береді. Осының қатарында ақпараттық жүйелерде пайдаланушылардың аутентификациясы, электронды құжаттарға цифрлық қол қою проблемасы, және электронды ақшаны пайдалану мүмкіндіктері [2].

Көп уақыт криптографиялық теорияның дамуы аса қарқынды болмаған еді, бірақ ХХ ғасырда математиканың жетістіктеріне байланысты криптография саласында кенет өзгеру пайда болды. Соңғы жылдары түрлі алгоритмдар мен протоколдарды пайдалану тәжірибесінің жиналуы өте тез өтіп жатыр, сондықтан криптографиялық қорғау әдістеріне арналған әдебиеттер ұзақ уақыт толық болалмайды.


Жұмысының мақсаты. Құжаттарды рұқсатсыз пайдаланудан қорғау әдістерін үйрету.

Тақырыптың зерттеліну деңгейі. Қазіргі кезде ақпарат айырықша тауар түрін құрайтын жалпы ұлттық өнімнің ажырамас бөлігі ретінде, ақпараттық нарықта өзінің ұсынысы мен сұранысы бар, ұлттық стратегиялық қордың негізгі түріне айналууда. Оны пайдалану негізінде фирмалардың стратегиясы жасалып, нарықтағы орны анықталады, тауарлар мен қызметтер сатылады және сатып алынады, есеп саясаты қалыптастырылып, қаржылық іс - әрекеттерін ұйымдастыру жүзеге асырылады. Сол себепті мекемелерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек болады. Мекемелерде ақпаратты рұқсатсыз



алудан, жоюдан немесе қорғалатын ақпаратты түрлендіруден сақтап қалуға бағытталған шаралар кешені жасалмаған.

Шешу әдісі. Классикалық, немесе біркілтті криптография шифрлаудың симметриялық алгоритмдерінің пайдалануына сүйенеді. Бұл алгоритмдер бір ғана құпиялы элемент (кілт) пайдаланады, ал шифрды ашу шифрлаудың жай айналуы болып табылады. Сондықтан, әдетте алмасудың қатысушылары хабарды шифрлау мен дешифрлай алады. Осындай жүйенің схемалық құрылымы 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1. Симметриялық шифрлауды пайдаланатын құпиялы жүйенің жалпы құрылымы


Беретін жақта хабардың көзі мен кілттер көзі бар. Кілттер көзі осы жүйенің барлық мүмкін болатын кілттерінен нақты кілтті К таңдайды. Бұл кілт К кейбір тәсіл көмегімен қабылдау жаққа беріледі, кілт басқа қолға түспеу үшін арнайы курьермен жеткізіледі (сондықтан, симметриялық шифрлау жабық кілті бар шифрлау да деп аталады). Хабарлар көзі кейбір хабарды М жасайды, сосын бұл хабар таңдалған кілт көмегімен шифрланады. Шифрлау нәтижесінде шифрланған хабар Е (криптограмма деп аталатын) алынады. Сосын криптограмма Е байланыс арна арқылы жіберіледі. Байланыс арна ашық және қорғалмаған болғандықтан, мысалы радиоарна немесе компьютерлік желі, онда берілетін хабарды қарсылас қолына ұстап түсіру мүмкін. Қабылдау жақта Е криптограмманы кілт көмегімен ашады және бастапқы М хабарды алады [3].

Егер М – хабар, К - кілт, Е - шифрланған хабар, онда жазуға болады:

$$E = f(M, K),$$

яғни шифрланған хабар Е бастапқы хабар М мен кілттің К кейбір функциясы болып табылады. Криптографиялық жүйеде пайдаланатын әдіс немесе шифрлау алгоритмі f функцияны анықтайды.

Жабық кілті бар шифрлаудың әртүрлі әдістері белгілі (Сурет 2). Тәжірибеде жиі орын ауыстыру шифры қолданады, орнына қою (ауыстыру) алгоритмдер және құрамды әдістер төмендегі суретте келтірілген.



Сурет 2. Жабық кілті бар шифрлау әдістері



Орын ауыстыру әдістерінде бастапқы мәтіннің символдары белгілі ереже бойынша бір-бірімен орнымен ауыстырылады. Орнына қою (немесе ауыстыру) әдістерінде ашық мәтіннің символдары шифрланған мәтіннің кейбір баламаларымен ауыстырылады. Шифрлаудың сенімділігін өсіру үшін, бір әдіс көмегімен шифрланған мәтінді басқа әдіспен тағы бір рет шифрлауға болады. бұл жағдайда құрамды немесе композициялы шифр пайда болады. Қазіргі уақытта пайдаланатын блокты немесе тасқынды (ағынды) симметриялық шифрлар да құрамды шифрларға жатады, өйткені оларда хабарларды шифрлау үшін бірнеше операциялар пайдаланылады.

Бұрынғы криптографиялық алгоритмдер табиғи тілдердің символдары мен, мысалы ағылшын немесе орыс әліпбидің әріптерімен жұмыс істейді. Бұл әріптер белгілі ереже бойынша орындарымен немесе басқа әріптермен ауыстырылатын. Қазіргі криптографиялық алгоритмде екілік белгелі (яғни нольмен бір) арқылы операциялар жүргізіледі.

Қазіргі заманның блокты шифрлардың негізінде орнына қою және орын ауыстыру процедуралары бар.

Орнына қою әдісі

Орнына қою (ауыстыру) шифрлау әдістері былай негізделеді: әдетте блоктарға бөлінген және бір алфавитта жазылған бастапқы мәтіннің символдары басқа әліппенің бір не бірнеше символдары мен, қабылданған түрлендіру ережесіне сәйкес, ауыстырылады.

Біралфавитты орнына қою

Орнына қою әдістерінің бағыныңқы класстарының маңызды біреуі біралфавитты (немесе моноалфавитты) орнына қоюлар, мұнда A хабардың бастапқы алфавитінің әрбір a_i белгінің және шифрланаған E мәтіннің сәйкес e_i белгінің арасында бірімәнді сәйкестік орындалады. Біралфавитты орнына қою кейде қарапайым орнына қою деп аталады, себебі бұл ең қарапайым шифр.

Біралфавитты орнына қоюдың мысалы Цезарь шифры. Жоғарыда қарастырылған мысалда бірінші жол бастапқы алфавит, екінші (k -ға солға қарай циклдық ығыстыру) – орнына қою векторы болып табылады.

Жалпы жағдайда біралфавитты орнына қоюда бастапқы символдар олардың орнына қою вектордағы (немесе ауыстыру кестесі) баламаларымен бір мәнді ауыстырылады. Осындай шифрлау әдісте кілт болып пайдаланатын ауыстыру кестесі болады.

Орнына қою кесте көмегімен берілу мүмкін (мысалы 1 кесте).

Кесте 1. Екі шифр үшін ауыстыру кестесінің мысалы

Ашық мәтін	Шифр 1	Шифр 2	Ашық мәтін	Шифр 1	Шифр 2	Ашық мәтін	Шифр 1	Шифр 2
А	В	^	М	Т	№	Ч	М	Σ
Б	И	@	Н	Ц	#	Ш	У	∇
В	О	)	О	.	-	Щ	Д	Υ
Г	А	+	П	Ж	=	Ъ	Э	§
Д	Щ	<	Р	Г	(	Ы	Н	⊕
Е	П	>	С	Л	?	Ь	Ю	×
Ж	К	√	Т	Х	%	Э	Ы	⊙
З	Б	♦	У	С	⊗	Ю	Ш	\$
И	Ъ	*	Ф	Ь	!	Я	Е	Δ
К	Бос орын	♥	Х	Ч	©	Бос орын	Ф	∞
Л	Р	♠	Ц	З	®	.	Я	♣

Негізінде бұл кестеде екі кесте бірлескен. Біреуі (шифр 1) бастапқы мәтіннің орыс әріптерін басқа орыс әріптеріне ауыстыруын анықтайды, ал екіншісі (шифр 2) - әріптерді арнайы символдарға ауыстыру. Екі шифры үшін бастапқы алфавит орыс бас әріптері («Ё» мен «Й» әріптерінен басқа), ақ жері (тақыр) және нүкте болып табылады. Қазақ алфавитін мысалға алмай ақ қояйық, себебі кейбір әріптерден басқа қалғандары бірдей.



Моноалфавитті орнына қоюдың түрлі шифрының пайдалануымен шифрланған хабар келесі түрде алынады. Бастапқы хабардан келесі белгі алынады. Оның орны ауыстыру кестедегі «Ашық мәтін» бағанадан анықталады. Шифрланған хабарға осы жолдағы шифрланған символ қойылады [4].

Осы екі шифрды пайдаланып «ВЫШЛИТЕ ПОДКРЕПЛЕНИЕ» хабарды шифрлап көрейік. Ол үшін бастапқы хабардың бірінші «В» әрпін аламыз. 6 кестеде «Шифр 1» бағанда «В» әріп үшін орнына қойылатын символды табамыз. Бұл әріп «О». Оны «В» астына жазамыз. Сосын бастапқы хабардың екінші символын қараймыз - әріп «Ы». «Ашық мәтін» бағанында бұл әріпті табамыз және «Шифр 1» бағаннан сол жолда тұратын әріпті аламыз - әріп «Н». Осы жолмен бастапқы хабарды толық шифрлаймыз (Сурет 3).

Ашық мәтін																			
В	Ы	Ш	Л	И	Т	Е		П	О	Д	К	Р	Е	П	Л	Е	Н	И	Е
Шифр 1 көмегімен шифрланған хабар																			
О	Н	У	Р	Ъ	Х	П	Ф	Ж	.	Щ		Г	П	Ж	Р	П	Ц	Ъ	П
Шифр 2 көмегімен шифрланған хабар																			
)	⊕	▽	♠	*	%	>	∞	=	-	<	♥	(	>	=	♠	>	#	*	>

Сурет 3. Тура орнына қою әдіспен шифрлау мысалы

Осылай алынған мәтіннің қорғау деңгейі аса үлкен емес, өйткені бастапқы мен шифрланған мәтіндерде бірдей статистикалық заңдылығы бар.

Мұнда қандай символдар (әрептер немесе белгілер) ауыстыру үшін пайдаланғаны маңызды емес.

Шифрланған хабарды жиілік криптоталдау көмегімен ашуға болады. Ол үшін хабарды жазған тілдің кейбір статистикалық мәліметтерін пайдалануға болады.

Бізге белгілі, орыс тіліндегі мәтіндерде ең жиі кездесетін символдар О, И. Одан сирек кездеседі Е, А әріптері. Дауыссыз әріптерден ең жиі кездесетіні Т, Н, Р, С символдары. Криптоталдаушының қолында түрлі типті мәтіндер (ғылыми, көркем және т.б.) үшін символдардың кездесу жиілігінің арнайы кестелері бар.

Криптоталдаушы алынған криптограмманы ықыласпен зерттейді және қандай символдар неше рет кездесетінін санайды. Алдымен шифрланған хабардың ең жиі кездесетін белгілерін ауыстырады, мысалы О әрпімен. Сосын И, Е, А әріптер үшін орындарын іздеп тырысады. Сонан соң ең жиі кездесетін дауыссыздар қойылады. Әрбір кезеңде сол не басқа біреу әріптерінің «сай келу» мүмкіндігі бағаланады. Мысалы, орыс сөздерінде қатар жазылатын төрт дауысты әріптерді табу қиын, орыс тілінде сөздер Ы әріптен басталмайды және т.б. Шынында, әрбір табиғи тілі (қазақ, орыс, ағылшын және т.б.) үшін көп заңдылықтар бар, олар маманға шифрланған хабарды ашуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда нақтылы және бір – біріне тәуелді мәліметтердің жиынтығы ретінде ақпарат стратегиялық ресурс болып табылады; ол - кез келген шешім қабылдаудың негізі. Сондықтан ақпаратты қорғау күрделі, ғылымды көп қажет ететін және жан – жақты проблема болып табылады. Ол қазіргі заманғы ақпараттық технологияны енгізу, бөлінген есептеу жүйесі мен байланыс желісін құру жағдайында ерекше күрделі мәнге ие болады. Бүгінде өзекті мәселелердің бірі - компьютерлік ақпарат қауіпсіздігі. Желілік технологияларға негізделген ақпараттық жүйелерді кеңінен қолдану, оларды қорғау компьютерлік технологиялар саласы мамандарынан кәсіби біліктілікті талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. Диффи У., Хеллмен М. Защищенность и имитостойкость. Введение в криптографию. - ТИИЭР, 1976.- т. 67.- № 3.-71-109 сс.
2. В.И. Нечаев. Элементы криптографии (Основы теории защиты информации). - М: Высшая школа. - 1999. - 109 с.



3. Ященко В.В. Введение в криптографию под общей ред. В.В. Ященко. - СПб: Питер, 2001. - 288 с.

4. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VII века. - Алма-Ата: "Наука" КазССР. - 380 с.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінде биометриялық идентификациялау технологиялары

Жумаділла Айдос Ибадуллаұлы, магистрант

*Ғылыми жетекшілері: Кукиев Жанбырбай Самсаевич, Сапарбаев Талгат Қуатбекұлы
«Сырдария» университеті*

Жұмыстың өзектілігі. Жыл санап өңделген ақпараттардың көлемі өсіп келеді, ол бұрын қолмен орындалатын үдерістердің формалануы мен алгоритмденуін талап етуде. Ақпараттардың автоматты түрде өңделуінің шешуші түсініктерінің бірі арнайы топтарға жататын объектілердің сәйкестендірілуі болып табылады. Алгоритмдер эксперт-адам деңгейінде тануды іске асырған кезде, деректерді өңдеу жүйесінің жұмысын жеделдетуге және олардың тиімділігін арттыруға алып келеді [1]. Сенімді авторландыру мен түп нұсқаға сайма-сай келтіру күнделікті өмірдегі қажетті атрибуттар бола бастады: бүгінде адамдар оны ең қарапайым әрекеттер барысында қолданады, мысалы, ұшаққа отырғызу кезінде қаржылық операциялар жүргізіледі және т.б.

2001 жылдың 11 қыркүйегіне дейін, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің биометриялық жүйелері тек әскери құпияларды сақтау үшін қолданылған және ең басты коммерциялық ақпарат болған еді. Бүкіл дүниежүзін дүр сілкіндірген террористік актіден кейін жағдай бірден өзгерді. Ең алдымен қол жеткізудің биометриялық жүйелерімен әуежайларды, ірі сауда орталықтары мен халық көп жиналатын орындарды қамтамасыз етті. Сұраныстың жоғарылауы осы саланы зерттеуге нүкте берді және жаңа құралдар мен технологиялардың пайда болуына ықпал жасады. Қазіргі таңда биометриялық технологиялар қарқынды дамып келеді – олар «адамды сәйкестендіру мақсатындағы оның биометриялық деректерін алу және қолданудың техникалық құралдары мен әдістері» [2]. Олардың мақсаттары биометриялық белгілер негізінде адамды сәйкестендірудің автоматтық жүйелерін талдау болып табылады: саусақ ізі, дауыс пен сөйлеу сипаттамасы, беп әлпетінің кескіні. Бұл дәл осы сәтте түрлі ықтимал қызметтермен, ақпараттық ортаны әрі қарай дамыту үшін негізгі кедергі болатын пайдаланушының сенімді сәйкестендірілуі (түпнұсқаға сайма-сай келуі) мәселесі болып табылады. Осындай жүйелерді пайдалану заңсыз қолжетімдермен байланысты қылмыстардың санын төмендетеді деп күтіледі, сонымен қатар оны компьютерлік жүйелерде қолданады. Сондай-ақ бет кескіні негізінде адамды сәйкестендіру технологиясы көпшілікке қолдануға өте тиімді екендігін мойындау керек. Себебі ол құралмен физикалық қатынасқа түсуді қажет етпейді, табиғи және әлеуетте жоғары сенімділік пен жылдамдылығы жағынан ерекшеленеді.

Осындай жағдайларды ескере отырып, бүгінгі таңда көптеген дамыған елдерде биометриялық технологиялар негізінде жеке тұлғаларды сәйкестендіру саласында белсенді зерттеулер жүргізілуде. Осындай технологиялардың ішінде бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру технологиясы көпшілікке қолдануда барынша тиімді екенін дәлелдеді. Дегенмен, талдау және бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру алгоритмдерін қолдану мәселелері аз зерттелген болып табылады.



Биометрияның көпғасырлық тарихы бар екені белгілі. Биометрияның ең ежелгі және ең көп тараған мысалы – бұл саусақ іздері бойынша сәйкестендіру, ол Джо де Барростың зерттеу есептеріне сәйкес Қытайда ХІҮ қолданылған екен. ХІХ ғасырдың аяғына дейін биометриялық сәйкестендіру дамымаған болатын. 1890-жылдары Париждегі полиция қызметкері және антрополог Альфонс Бертильон, жазасын өтеп жүрген қылмыскерлерді сәйкестендіру үшін шешім ұсынды, және осы кезден бастап биометрия терең зерттеуге арналған ерекше сала бола бастады.

Бертильон дененің өлшемдерін өлшеу техникасын енгізді, оған кейінірек ат беріліп – бертильонаж деп аталды. Оның әдісі мойындалып және дүниежүзіндегі беделді полиция ізкесушілерінің кеңінен қолдауын тапты, қазіргі кезге дейін оның тиімділігі көзге көрінбеді. Түрлі адамдардың өлшенген өлшемдері бір-біріне ұқсас келген жағдайларда және екі немесе одан көп бірдей индивидтердің жиынтығының өлшемдері ұқсастық тапқан кезде мәселелер пайда болды [3].

Саусақ іздерін алғашқы рет криминалистикада сәйкестендіру формасы ретінде доктор Генри Фолдс қарастырды, Токиода жұмыс істеп жүріп, ол ежелгі құмыра ыдыстарындағы саусақ іздеріне көңіл аударды. Ол ең алғаш болып, 1880 жылы ғылыми журналда саусақ іздерін қолдану ойы туралы мақала жариялады, оны криминалистикада сәйкестендіру тәсілі ретінде қолдануға болатынын айтты. 1938 жылы Американдық статистикалық бірлестігінің биометриялық бөлімі ашылды. 1947 жылы Вудс-Холда (АҚШ) «Бірінші халықаралық биометриялық конференция» өткізілді, онда Халықаралық биометриялық қоғам ұйымдастырылды, олардың конференциялары 4-5 жыл сайын бүгінгі күнге дейін өткізіліп тұрады. Біз білетін түрдегі биометрия сәйкестендірудің биометриялық алгоритмдерін іске асыруға мүмкіндік беретін электрондық құралдардың пайда болуы барысында, ХХ ғасырдың үшінші тоқсанында пайда болды. Ол кезде биометриялық құралдардың бағасы өте жоғары болған, сондықтан оны тек әскерилер мен мемлекеттік мекемелер ғана қолданған болатын [4].

Биометриялық технологиялар ішінде бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру алгоритмдері мен әдістері ерекше орын алады. Бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру жүйелерінің артықшылығы оның еріктілігінде (сәйкестендіру қашықтықта жасала береді, адамды алаңдатпайды және ұстамайды), белсенділігі төмен (пайдаланушыдан арнайы білім немесе әрекеттерді талап етпейді) және бағасы өте төмен (компьютер, бейнекамера және соған сәйкес бағдарламалық қамтамасыз ету болса болды).

Бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендірудің биометриялық жүйесін жасау, негізінен екі ғылыми бағыттың зерттеу нәтижелерін қолдануға негізделеді, ол кескіндерді өңдеу және бейнелерді тану.

Осы бағыттың дамуына бірнеше зерттеушілер үлкен үлес қосты: Абламейко С.В., Адылова З.Т., Адылова Ф.Т., Айвазян С.А., Айзерман М.А., Айдарханов М.Б., Александров В.В., Алиев Э.М., Бонгард М.М., Браверман Э.М., Вапник В.Н., Васильев В.И., Ватанабе С., Виттих В.А., Вудс Р., Гансалес Р., Горелик А.Л., Горский Н.Д., Гренандер У., Гуревич С.Б., Дуда Р., Журавлев Ю.И., Загоруйко Н.Г., Ивахненко А.Г., Игнатьев Н.А., Лутфуллаев Р.А., Камилов М.М., Ковалевский В.А., Лбов Г.С., Малиновский Л.Г., Минский М.Л., Мучник И.Б., Павлидис Т., Патрик Э., Прэтт У., Растрингин Л.А., Робертс Л., Рустамов Н.Т., Садыков С.С., Сойфер В.А., Старовойтов В.В., Ту Дж., Ульман Ш., Фазылов Ш.Х., Фу К., Харт П., Хорн Б., Цыпкин Я.З., Шлезингер М.И., Эндрюс Г., Ярославский Л.П., және т.б.

Бұл еңбектердің қолданылу аясы өте кең. Олардың көмегімен, негізінен, кескіндегі бет ауданын анықтау тапсырмалары, бет элементтерінің орны (қасы, көзі, мұрны, аузы және т.б.) және тану мәселелері шешіледі [5].

Бүгінгі таңға дейін талданған бет әлпетінің кескіні бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру алгоритмдерінің сараптамасы, әлі көптеген мәселелердің шешілмегенін



білдіреді. Бұл әсіресе, «шынай уақыт» режимінде жұмыс істейтін алгоритмдерді талдау мәселесіне қатасты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1Абламейко С.В., Лагуновский Д.М. Обработка изображений: технология, методы, применение. - Минск: Институт техн. Кибернетики НАН Беларуси, 1999. – 300б.
- 2Болл Руд М., Коннел Джонатан Х., Панканти Шарат, Ратха Налини К., Сеньор ЭндрюУ. Руководство по биометрии. М.: Техносфера, 2007. – 386б.
- 3Быков Р.Е., Фрайер Р., Иванов К.В., Манцветов А.А. Цифровое преобразование изображений: Учеб. Пособие для вузов. – М.Ж Горячая линия-Телеком, 2003. – 228б.
- 4Вапник В.Н., Червоненкис А.Я Теория распознавания образов. М.: Наука, 1984. – 416б.
- 5Верхаген К., дёйн Р., Грун Ф. Распознавание образов: состояние и перспективы – М.: РиС, 1985. -104 б.

Особенности закаливания детей

Иргизбаева Асемгуль Жауаровна, воспитатель

Абдрахманова Аным Сериковна, воспитатель

Гончар Галина Петровна, воспитатель

КГУ «Дом ребенка» г.Петропавловск

Охрана здоровья детей является задачей государственного значения. Когда ребенок болеет, это становится общей бедой. Неокрепший организм борется с болезнью и мы всеми силами стараемся помочь ребенку: обследуем у врача достаем дорогие лекарства, стараемся обеспечить покой. Все это правильно если течение заболевания сложное. Для поддержания здоровья можно давать ребенку профилактические лекарственные препараты, насыщать организм витаминами, но и этого может быть недостаточно для организма, Самый верный способ укрепить иммунитет и повысить сопротивляемость организма к простудным заболеваниям – начать закаливание.

Существенную роль в системе физического воспитания принадлежит мероприятиям по закаливанию детей. С помощью закаливания ребенок получает возможность укрепить свой иммунитет, повысить сопротивляемость организма к неблагоприятным факторам внешней среды, улучшить терморегуляцию, укрепить нервную систему, то есть по максимуму активизировать защитные силы. Солнце, воздух и вода – это все то, что требуется для укрепления здоровья, особенно в раннем возрасте.

Всевозможные способы закаливания детей дают возможность выбирать наиболее оптимальный из них для каждого отдельного ребенка, ведь организм у всех разный. Все способы делятся на специальные и неспециальные. Специальные выбираются для конкретного ребенка, с учетом его индивидуальных особенностей и возможностей. Так, например, кому-то больше подойдет закаливание водой, а кому-то большую пользу принесут солнечные ванны.

Начинать закаливание детей дошкольного возраста лучше в летнее время. Вводить процедуры надо постепенно чтобы эффект закаливания получился положительным. Существуют специальные и повседневные приемы, привычные с самого рождения. Важно учитывать температурный режим, кратность процедур, их совместимость и разнообразие. Воздушные ванны полезны детям с рождения. Дети могут находиться постоянно в комнате в трусиках и майке, босиком. Оптимальная температура колеблется от 18 до 25 градусов, при



которой можно безопасно делать гимнастику при открытой форточке. Пока ребенок находится в движении, простуда ему не грозит. Закаливание детей дошкольного возраста начинают с пребывания на свежем воздухе, это проветривание комнат и прогулки на улице. При прогулке на свежем воздухе зимой малыш также должен быть в движении, а не стоять на одном месте, чтобы не замерзнуть. Прогулка в холодное время может быть по часу два раза в день. В теплые дни можно гулять все свободное время. Летом помимо воздушных ванн можно проводить и солнечные. Погреться на солнышке до 11 утра и после 16 часов любят все маленькие дети. Нельзя забывать про головной убор и раздевать ребенка до трусиков. Летом гулять на улице при температуре выше 28-30 градусов нельзя, чтобы избежать перегрева

Водные процедуры: умывание прохладной водой, обтирания, обливание рук и ног, кон и купание летом в бассейне. Во время утренних водных процедур вначале надо использовать теплую воду, потом прохладную и постепенно приучить умываться малыша холодной водой из-под крана круглый год. Причем умывать не только лицо и кисти, но и руки до локтей, шею и плечи, а позднее и стопы. Когда иммунитет малыша укрепится, но не раньше, можно заканчивать обливание холодной водой. Повседневные приемы связаны с режимными моментами, поэтому воспитатели свободно и легко могут проводить каждый день. Это проветривание комнаты утром и перед сном. А в теплые дни хорошо положить ребенка спать при открытой форточке. Важно чтобы не было сквозняков и следить температуру в комнате. Чтобы закаливание детей раннего возраста приносило только пользу, нельзя допускать снижение температуры ниже 21 градуса во время сна. Необходимо одевать ребенка легко, ни в коем случае не кутать. Так при температуре 22 градуса и выше достаточно легкую рубашку и шорты или летнее платье. Если в комнате прохладно, но выше 18 градусов - надо одеть одежду с длинным рукавом и колготки, или пижаму. Закаливание детей дошкольного возраста предусматривает хождение босиком. Только воспитателям надо помнить, что полезно ходить босиком по неровной поверхности, по толстому ковру, по песку, по траве, по массажным дорожкам. А на ровной поверхности можно получить плоскостопие и деформацию ног в этом возрасте, из-за не сформированного еще свода стоп. Необходимо учитывать поведение и состояние ребенка, даже маленького. Если ребенок плачет, дрожит, боится, то вряд ли такое закаливание принесет пользу.. Начинать закаливание ребенка 2 лет, это наиболее подходящий вариант. Главными условиями для начала процедур должны быть: хорошее самочувствие малыша, чтобы он выспался, не пугался, не был переутомлен физически и не был в состоянии перевозбуждения. Вначале надо вводить щадящие методики, постепенно переходить к более экстремальным процедурам. Летом полезен прохладный душ, а в зимнее время достаточно постоянно обливать ножки и кисти рук холодной водой. Только делать надо это постоянно, без перерывов. Как только прекращаются закаливающие процедуры, положительный эффект пропадает.

Что же такое закаливание? Закаливание — это образ жизни: полезный эффект исчезает сразу же, как только вы перестаете закаляться. Поэтому, чтобы закаливание ребенка дошкольного возраста было успешным, оно обязательно должно приносить вам и вашему ребенку радость.

Во-первых, закаливание — это система закаливающих моментов в ритме дня, а не только какая-либо одна закаливающая процедура. Это процесс, закладывающийся на всю жизнь, определяющий формирование мышления и деятельности.

Во-вторых, закаливание — это активный процесс. Он предполагает намеренное использование естественных холодных воздействий с целью тренировки всех защитных механизмов организма, обеспечивающих поддержание температуры тела на относительно постоянном уровне, независимо от внешней среды (воздуха и воды).

В-третьих, закаливание холодом вызывает в организме два вида эффектов: специфический и неспецифический. Специфический эффект заключается в повышении устойчивости организма именно к холоду, т.е. к тому воздействию, которое использовалось в процессе за-



каливания. Неспецифический эффект заключается в одновременном повышении устойчивости и к некоторым другим воздействиям, например, к недостатку кислорода

В–четвертых, специальное закаливающее действие, например, обтирание только груди холодной водой, вырабатывает специфическую устойчивость к охлаждению. В данном случае устойчивость к холоду проявляется в полной мере при охлаждении груди: при охлаждении других участков тела ее проявление будет менее значительно.

В настоящее время наука — физиология, гигиена, медицина, педагогика — располагает достаточно объективным материалом, свидетельствующим о необходимости закаливания детей с самого раннего возраста. Однако нужно сказать, что закаливание — не самоцель. Оно служит ценным средством сохранения и укрепления здоровья детей, способствует их всестороннему развитию.

Существует ряд принципов закаливания, которые позволяют достичь хороших результатов.

Принцип первый — регулярность. Лучше всего ежедневные занятия, которые проходят в одно и то же время суток.

Принцип второй — постепенность. Постепенное увеличение нагрузки, поэтапный переход к более сильным формам закаливания позволяют, пусть медленнее, но зато увереннее достигать желаемого результата.

Принцип третий — интенсивность. Сила воздействия должна быть выше привычных температурных норм постоянной среды обитания. Чем интенсивнее воздействие, тем ярче ответная реакция организма. Закаливающий эффект будет выше там, где применяли более холодную воду меньшее время в сравнении с тем, когда использовали воду потеплее, но долгое время.

Принцип четвертый — сочетаемость общих и местных охлаждений. Скажем, при обливании стоп, тело остается не закаленным, а наоборот, обливание до пояса не обеспечивает устойчивость стоп к холоду. Оптимальная устойчивость организма — при чередовании общих закаливающих процедур с местными, направленными на наиболее чувствительные к действию холода области (стопы, носоглотка, поясница).

Принцип пятый — не растираться после обливания. Растирание до покраснения, массаж ограничивают процесс охлаждения, прерывая его. Не следует проводить закаливание после интенсивной физической нагрузки, которая тоже тормозит течение термо - восстановительного процесса после охлаждения.

Принцип шестой — многофакторность природного воздействия, т.е. использование солнца, воздуха, земли, снега. К тому же, обращаться с ними непосредственно в природе. Например, купаться не в бассейне, а в реке, ходить босиком не только по полу, но и по мягкой тропинке, по снегу во дворе по песку и т.д.

Принцип седьмой — комплексность. Он означает, что процедуры закаливания должны восприниматься шире, нежели просто обливание водой. Это и прогулки, и бег, и сон на свежем воздухе, и бассейн сауна и т.д..

Принцип восьмой — закаливание должно проходить на фоне положительных эмоций. Конечно, приходится проявлять настойчивость. Однако, как бы велико не было это усилие, ощущение процедуры должно оставаться на грани приятного. Здесь также важно учитывать индивидуальность ребенка и состояние его здоровья.

День у детей в дошкольном учреждении начинается с утренней зарядки, которая регулярно проводится на свежем воздухе в облегченной одежде. В комплекс зарядки обязательно включаются несколько упражнений на дыхание. После зарядки в группе дети моют холодной водой лицо, руки, шею, ушные раковины, полощут рот и нос. В течение дня в помещении дети находятся в легкой одежде, босиком или раздеваются до трусиков и майки

В дневное время дети спят в трусиках и в майке, в ночное время в пижамах в хорошо проветренной спальне. Температура в комнате поддерживается не выше 22–26оС.



Во время прогулок у детей облегченная одежда (преимущественно из хлопчатобумажных тканей), соответствующая погодным условиям и позволяющая детям активно двигаться и играть в подвижные игры.

Таким образом, исходя из принципов закаливания, в дошкольных учреждениях предложена система закаливания, которая должна формировать веру в здоровый образ жизни. Все мероприятия по закаливанию детей строятся с учетом их физиологических особенностей. Внимательное отношение к детям основанное на понимании их особенностей создание для них наилучших условий жизни будут способствовать укреплению здоровья, всестороннему и гармоничному развитию.

Литература

1. Спирина В.П. «Закаливание детей»-М.:1972
2. Галанов А.С.: "Игры, которые лечат" - М.:2004 творческий центр «Сфера»
3. Праздников В.П.: "Закаливание детей дошкольного возраста" - Ленинград: изд-во "Медицина", 1988
4. Пономарев С.А.: "Растите детей здоровыми" - М.: изд-во "Советский спорт", 1989

Диалогты оқытудың физика сабағында тиімділігін зерттеу

Исаев Асан Амирханович, физика пәні мұғалімі

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Диалогты оқытудың физика сабағындағы тиімділігін зерттеу

Физика сияқты күрделі пәнді меңгеруде, оқушылардың белсенділігін қалай арттыруға болады, өздігінен білім алуын қалай және қандай тиімді жолмен ұйымдастыруға болады?

Бұл ретте, оқушының қабілеті мен талантын ашуда, оның өн бойында еркін пікір айтуға деген құлшынысын және жалпы сабақтағы белсенділігін арттырауда гуманитарлық пән мұғалімдері сабақта диалогты оқытуды тиімді қолданып жүр.

Выготский оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, танымдық дамудың жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және де Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді (МАН III, 36 бет).

Оқу пәндерінің ешқайсысын диалогсыз меңгеруге болмайды.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетті. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Менің жұмыс тәжірибемде оқушылардың физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды бір-бірімен байланыстыра алуында, көп жағдайда қиындықтар туғызатыны байқалып жүр. Осы қиындықтарды қалай шешуге болады, жалпы сындарлы оқыту теориясын физика пәні сабағында қолдану тиімді ме, бұл мәселе мені және менің көптеген әріптестерімді бұрыннан




мазалап жүрген сұрақ. Осы мәселелерді шешуде, мен диалогты оқытудың физика пәнін оқытудағы тиімділігін зерттеп көргім келді.

Зерттеу сабағын өткізу үшін, мұғалімдерден құралған арнайы топ құрылды. Топ мүшелері алғашқы кездесу барысында кәсіби әңгіме жүргізіп, зерттеу тақырыбын анықтадық. Зерттеу сұрақтарын анықтауда, мен көкейімде жүрген проблемаға жүгініп, «Диалогты оқытудың физика пәнін оқытуда тиімділігі қандай?» деген тақырыпты таңдадым. Сонымен қатар «LESSON STUDY» бойынша жұмыс жоспарын құрып, зерттейтін сыныпты, «А», «В», «С» деңгейіндегі оқушыларды, оқушылармен сұхбат сұрақтарын, мақсат-міндеттер анықталды. Үш зерттеу сабағынан тұратын сабақтар тізбегі жоспарланды. Бұл сабақтарда жоспар бойынша, белсенді әдіс-тәсілдерді қолданып, таңдалған оқушылардың диалогты оқытуда сабаққа қызығушылығы, топтық, жұптық және жеке жұмыстағы белсенділігі, өзара ақпаратпен алмаса алуы, бір-біріне көмектесе алуы, өз ойларын академиялық тілде еркін жеткізе алуы және диалогты оқытудың тақырыпты меңгеруіндегі тиімділігі мен оқушының көздеген мақсатқа жетуіндегі тиімділігі бақыланатын болды.

Физика сабағында диалогты қалай ұйымдастыру керек? Осы сияқты басқа да сұрақтарға жауап алуда топ мүшелерінің, яғни әріптестерімнің көп көмегі тиді. Олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, сабақты жоспарлауда, әдіс-тәсілдерді қолдануда өз кеңестерін берді. Менің түсінгенімше, ең бірінші, диалог үшін педагогикалық ынтымақтастық арқылы, әрбір оқушының жеке басының ерекшеліктеріне сай (ұялшақтық, өз ойларын еркін айта алмау және тағы басқа), олардың бойындағы белгілі бір психологиялық кедергілерді анықтай отырып, оқушылардың іс-әрекеттерінің оянуына ықпал ету қажет.

Сабаққа диалогтық оқытуды енгізгенде, менің ойымша төмендегідей мәселелер шешілуі тиіс:

1. Сыныптың жаңа тақырыпқа қызығушылығын ояту;
2. Тақырыпты меңгеруде сыныпта жағымды атмосфера қалыптастыру;
3. Оқушылардың белсенділігін арттыру, ақпараттармен алмасу;
4. Өзгені үйрету арқылы өзін дамыту;
5. Сыныпты ойлануға, ой толғауға бағыттау.



Зерттеу сұрақтарын анықтауда әрқайсымыз көкейімізде жүрген проблемаларға жүгіндік.

Менің зерттеу тақырыбым: «Диалогты оқытудың физика пәнін оқытуда тиімділігі қандай?».

Осы тақырыпта 10 G сыныбында зерттеу сабақтарын жүргіздім.

Сабақты жоспарлауда диалогты оқытуды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Бес сұрақ», «Пилот-Штурман», «ДЖИГСО», «Мозайка» т.б. интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстым.

Бірінші сабақ «Гравитациялық өріс пен электростатикалық өрістердің ұқсастығы» тақырыбында болды. Сабақта сынып 2 топқа және екі оқушыдан тұратын эксперт болып бөлінді. Топтық жұмыста бір топ гравитациялық өрістің, екінші топ электростатикалық өрістің қасиеттері мен заңдылықтарын сипаттайтын формулаларды алдын-ала қиылған әріптердің көмегімен «пазл» құрастыру арқылы өрнектеді. Үш деңгейдегі оқушылар да бұл



жұмыста жоғары белсенділік танытты. Өрістер заңдылықтарындағы ұқсастықтар бойынша түсіндіруде «А» деңгей оқушысы заңдылықтарды салыстыра отырып, өрістердің қасиеттері мен ерекшеліктерін атап, толыққанды жауап берді. Ал «В» деңгей оқушысы өрістердің қасиеттері мен ерекшеліктерін салыстырып, жақсы білім көрсете алды. «С» деңгей оқушысы өрісті сипаттайтын формулалардың ұқсастығын көрсете алды, бірақ өрістердің қасиеттеріндегі айырмашылықтарды түсіндіруде.



Екінші және үшінші сабақтарда, тақырыптары «Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау», «Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауға есептер шығару», топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Жаңа білімді меңгеру кезеңінде «ДЖИГСО», «Мозайка», ал бекіту кезеңінде «Пилот-штурман» әдістері қолданылды. Бұл сабақтарда топтық жұмыстарда барлық деңгей оқушылары жоғары белсенділікпен тапсырманы орындады. Жұптық жұмыста «А» деңгейінің оқушысы «С» деңгейінің



оқушысымен жұп құрып, тапсырманы орындауда көмектесе білді. Нәтижесінде «С» деңгейінің оқушысы оқу мақсатына жете білді.

Әр сабақ сайын талдау жұмыстарын жүргізіп, оқушылардың үнін тыңдап, сол бойынша келесі сабақ жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгіздік. Зерттеулер барысында оқушылардың өзара диалогқа түсіп, мәліметтер алмасуы, бірін-бірі оқытуы, тақырыпқа байланысты ой-пікірлерін еркін жеткізе бастағаны аңғарылды.

Зерттеу сабақтарын өткізгеннен кейін «Оқушы үнін» тыңдау маңызды. Себебі сабақтың оқушылар үшін қызықты болғаны немесе нені түсінбеді т.б. жағдайларды білу, келесі сабақты жоспарлауда мұғалімге қажетті мәліметтерді береді. Зерттеу тобы мүшелері «А», «В», «С» деңгейіндегі оқушылардан сұхбат алды. Сұхбат төмендегідей сұрақтарды қамтыды:



1. Бүгінгі сабақта көңіл-күйіңіз қандай болды? Сабақ сізге қалай әсер етті?
2. Өзіңізден не өзгеріс байқадыңыз? Сабақта не құнды болды?
3. Сабақта сізге қандай қиындықтар туындады?

«А» деңгейіндегі оқушы тапсырманы орындау еш қиындық туғызбағанын айтты. «В» деңгейіндегі оқушы сабақта өзін көңілді сезінгенін, тапсырмаларды қызығушылықпен орындағанын айтты. «С» деңгейіндегі оқушы сұхбат беру кезінде («А» деңгейіндегі оқушымен жұпқа түсті) кейбір сұрақтарға жауап беруге қиналғандығын, бірақ сұхбат алушы досының қолдау көрсетуі арқасында тапсырманы дұрыс орындай алғаны және тақырыпты түсінгені туралы айтты. Жалпы оқушылардың жауаптарынан оларға сабақтардың ұнағанын, тақырыпқа байланысты жаңа ақпараттар, сөздер біліп, айтылым барысында тиімді қолдана білгендерін аңғардық.



Сонымен, зерттеу сабағында неге қол жеткіздік?

Біріншіден, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы біршама артқандағы байқалды. Оқушылар, әсіресе, төмен баға алып жүрген оқушылар топтық жұмысқа белсене атсалысты, ойларын еркін жеткізуге тырысты.

Екіншіден, көшбасшы оқушылар өзге оқушылармен өз білімдерін бөлісті.

Үшіншіден, жұптық жұмыста оқушылар ақылдаса отырып, бірге шешім қабылдап, есептердің шешімін тапты.

Оқу сапасын арттыру үшін оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, білімдерін дамыту керек. Бұл мәселелерді шешуде «LESSON STUDY» зерттеулерінің маңызы зор деп ойлаймын. Сабақты ұйымдастырудағы кемшіліктер мен тиімді тәсілдер бойынша әріптестеріңіздің пікірін білу және бірлесе отырып оның шешу жолдарын айқындау, оңтайлы нәтижелерге қол жеткізетіні сөзсіз. Сонымен бірге «LESSON STUDY» - мұғалім үшін өзінің кәсіби біліктілігін шыңдауда да көп көмегін тигізеді. Менің, «Диалогты оқытуды физика сабағында қолданудың тиімділігі» бойынша өткізген үш зерттеу сабағым, әрине көкейімде жүрген сұрақтардың барлығына толық жауап берді деп айту, әрине артық болар. Зерттеу сабақтарынан ойға түйгенім – диалогты оқыту жоғары дәрежеде жүру үшін, сабақ барысында білім стратегиялары мен белсенді әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолдана білу өте маңызды. Осы зерттеу сабақтары кезінде өз бойымда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануда әлі де оқып-үйренерім көп екендігін аңғардым. Сол себепті де, әріптестеріммен тәжірибе алмаса отырып, зерттеулерді әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отырмын. Себебі, үздіксіз ізденіс – жетістік кепілі.

Кәсіпорынның ресурстарын басқаруда эксперттік жүйелерді пайдаланудың маңыздылығы

Итбай Ержігіт Әмірбекұлы, магистрант

*Ғылыми жетекшілері: Шаймерденова Гулжан, Акимшиев Галымжан Пантайевич
«Сырдария» университеті*

Тақырыптың өзектілігі. Сараптамалық жүйелердің технологиясы жасанды интеллект атауын алған жаңа зерттеу бағытының бірі болып табылады. Осы саладағы зерттеулер ойлауды, белгілі бір дағдыларды және жинақталған тәжірибені қажет ететін адам қызметінің бағыттарын модельдеу және жаңғыртуға қабілетті компьютерлік бағдарламаларды әзірлеуге және енгізуге бағытталған. Оларға шешімдер қабылдау, адамның тілін тану және түсіну жатады. Бұл технология техника мен қоғамдық өмірдің кейбір салаларында - органикалық химия, пайдалы қазбаларды іздестіру, медициналық диагностикада табысты түрде қолданылып келеді, және осы айтылғандар тақырыптың өзектілігін білдіреді.

Эксперттік жүйелер жасанды интеллект әдістерін қолдану мен дамытуда маңызды тәжірибелік нәтиже ретінде пайда болды - зияткерлік (шығармашылық) сипаттағы проблемаларды шешуге арналған әдістерді компьютерлерді қолданатын ғылыми пәндер жиынтығы.

Жасанды интеллект саласы қырық жылдан астам тарихы бар. Ең басынан бастап, ол басқалардың қатарында әлі күнге дейін зерттеу тақырыбы болып табылатын бірқатар күрделі тапсырмаларды орындады: автоматты теоремалар дәлелдері, машиналық аударма, бейнені



тану және сахна талдауы, роботты жоспарлау, ойындарға арналған алгоритмдер және стратегия [1].

Эксперттік жүйе – белгілі бір проблемаларды шешу үшін сарапшының функцияларын орындайтын бағдарламалар жиынтығы. Сараптамалық жүйелер кеңес береді, талдайды, диагноз жасайды. Кәсіпорындардағы сараптамалық жүйелерді практикалық қолдану жұмыстың тиімділігіне және мамандардың дамуына ықпал етеді.

Сарапшы жүйелердің басты артықшылығы - білім жинау және оларды ұзақ уақыт сақтау. Адамнан айырмашылығы сараптамалық жүйелер кез-келген ақпаратты объективті түрде қарастырады, бұл сапаны жақсартыады.

Сарапшылар жүйесін құру кезінде бірқатар қиындықтар туындайды. Бұл, ең алдымен, тапсырыс беруші әрдайым әзірленетін жүйеге қойылатын талаптарды дұрыс тұжырымдай алмайтындығына байланысты. Сондай-ақ, таза психологиялық тәртіптің қиындықтарының пайда болуы мүмкін: жүйенің білім базасын құру кезінде сарапшы кейінірек «машинамен» алмастырылғаннан қорқып, өз білімін беруіне кедергі келтіруі мүмкін. Бірақ бұл қорқыныш емес, өйткені сарапшы жүйелер оқытуға қабілетсіз, оларда ақыл-ой, сезу болмайды. Қазіргі кезде өзін - өзі зерттеу идеясын жүзеге асыратын сараптамалық жүйелер дамып келеді. Сондай – ақ сарапшы жүйелер ірі субъектілерде және сарапшылар жоқ жерлерде қолданылмайды [2].

Эксперттік жүйелердің өздерінің өмір сүру кезеңінде өздерін шақырған қызығушылығын арттырудың себебі - адам қызметінің әртүрлі салаларындағы мәселелерді шешуге оларды қолдану мүмкіндігі.

«Эксперттік жүйелер» термині ақпараттық технологиялар саласындағы ғана емес, сонымен қатар экономика, заң, медицина, геология, ауыл шаруашылығы және т.б. мамандардың сөздік қорларында жиі кездеседі. Сонымен, бұл не?

Эксперттік жүйелер - белгілі бір пәндік салалардағы мамандардың білімдерін біріктіретін және проблемалық жағдайды шешуде маман сарапшыны ішінара ауыстыруға арналған күрделі бағдарламалық жүйелер.

Эксперттік жүйелер - жасанды интеллекттің негізгі қосымшаларының бірі. Олар өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында жасанды интеллект зерттеушілері тарапынан дами бастады және сексенінші жылдары олардың коммерциялық тануын алды.

Сараптама жүйесі жасанды интеллект жүйелерінің түрлерінің бірі болып табылады; белгілі бір, әдетте, шағын қолданбалы салада адам сарапшысы сияқты проблеманы шешу процесін жаңғырта алатын бағдарламалар. Эксперттік жүйелердің компьютерлік бағдарламаларының айрықша ерекшелігі - практикалық мәселелерді шешу үшін кез-келген тақырыптағы білікті мамандардың білімі мен тәжірибесін жинақтау, өзгерту және пайдалану мүмкіндіктері. Сарапшылар жүйелері автоматты ойлау механизмдерін қолданады және шешімнің эвристикалық ізденістері сияқты жасанды интеллекттің әлсіз әдістері деп аталады. Олардың қолдану саласы - білім базасынан мәлімет алу [3].

Сарапшы жүйелер белгілі бір салада сараптамалық білімді талап ететін мәселелерді шешуге тиіс. Бір немесе бірнеше түрдегі білімдерден тұрады. Сондықтан олар білімге негізделген жүйелер деп те аталады. Дегенмен, білімге негізделген әрбір жүйе сарапшы ретінде қарастырыла алмайды. Сараптамалық жүйе, сонымен қатар, адам сарапшысы сияқты, оның мінез-құлқын және оның шешімдерін пайдаланушыға түсіндіре білуі керек. Бұл әсіресе белгісіздіктің, ақпараттың қате болуымен сипатталатын салаларда қажет. Мұндай жағдайларда жүйенің кеңесіне тұтынушылардың сенімділігін арттыру үшін түсіндіруге болады. Сондай-ақ, жүйенің жүйелілігіндегі мүмкін ақаулықты анықтауға мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықта жасанды интеллект - сарапшы жүйелер немесе білім беру техникасы бойынша жұмыстар шеңберінде тәуелсіз аймақ қалыптасты. Бұл бағыттағы міндет - адамдар үшін - сарапшылар үшін қиын мәселелерді шешу үшін білім мен процедураларды қолдана отырып, бағдарламаларды зерттеу және дамытуға бағытталды. Сараптамалық



жүйелерді қолдану салалары әртүрлі: әскери қолдану, медицина, электроника, есептеуіш, геология, математика, ғарыш, ауыл шаруашылығы, менеджмент, қаржы, бизнес және т.б.

Эксперттік жүйелер - жасанды интеллект пен сараптамалық білім принциптерін пайдаланып, жедел ақпарат өңдеуге және талданған аймақтағы ақпараттарды шешуге арналған бағдарлама.

Сарапшының білім формасына сәйкес келесі жалпы санаттарға жатқызылуы мүмкін. Декларативтік білім - шынайы немесе жалған болуы мүмкін мәлімдемелер. Мұндай білім стандартты деректер базасында сақталуы мүмкін. Кейбір білім алгоритмдік болып табылады және сондықтан схема ретінде ұсынылуы мүмкін. Мұндай білім кез келген процедуралық бағдарламалау тілінде кіші бағдарлама ретінде көрінуі мүмкін [4].

Зияткерлік немесе сараптамалық жүйелерді дамыту тәжірибесі сарапшылардың қатаң декларативтік немесе қатаң алгоритмдік емес білімдерін көрсетті. Бұл білім интуитивті және оның болуы сарапшылардың тәжірибесіне байланысты. Жалпы, қатаң декларатив немесе алгоритмдік білім ретінде ұсынылуы мүмкін типтік білім.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Амарселлус Д. Программирование экспертных систем на Турбо Прологе: Пер. с англ. - М.: Финансы и статистика, 2005 г.
2. Моисеев В.Б. Представление знаний в интеллектуальных системах. Информатика и образование, №2, 2003 г. с. 84-91
3. Андрейчиков А.В., Андрейчикова О.Н. Интеллектуальные информационные системы: М. Наука, 2004 г.
4. Зубов В. В., Макушкин В. А., Оглоблин А. Г. Экспертная система диагностирования цифровых устройств и БИС. Средства связи, №3, 2000, с. 32-36.

Математика сабағын құзыреттілік бағытпен оқыту

Каржаспаева Индалья Маратовна, БОПӘ-41 топ студенті

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., профессор Кененбаева Маржан Ахметкаримовна

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» [1, 66].

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі – сабақ. Сабақ – оқу үрдісіндегі шешуші буын, күрделі еңбекті ізденуді талап ететін іс, сан алуан қызмет атқаратын педагогикалық үрдіс. Сабақта оқушылардың білімге ынтасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен



әдістерін түрлендіріп, көрнекі және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек. Ж. Аймауытов: "Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек"- деп айтқан [2, 246].

Оқу үрдісін талапқа сай жүргізуде мұғалім – басты тұлға. Сондықтан да шығар қазіргі сабақ қандай болу керек, оның қандай жақтары жеткіліксіз, қай саласына көп мән бөлу керек, күнделікті сабақтың сәтті өтуін қалай қамтамасыз етуге болады деген сан алуан сұрақтар әрқайсымызды толғандырып жүргені сөзсіз. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат – оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына, ал үшіншіден, сынып типіне, төртіншіден мұғалім мен оқушының көңіл – күйіне де байланысты.

